



ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАР – қайрат пен қайсарлық символы

Мемлекет басшысы XVI жазғы Паралимпиада ойындарының қарсаңында Ұлттық құрама команда мүшелерімен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президент спортшылардың тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Паралимпиада ойындарына 25 жолдама ұтып, байрақты бәсекеге үлкен құраммен аттанып бара жатқанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, паралимпиадашылар – қажымас қайрат пен қайсарлықтың символы.

— Әлемдегі жүз мыңдаған спортшының арасынан үздік шығып, осы ойындарға жолдама алу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сіздер бұған табандылық пен кәсіби дайындықтың арқасында қол жеткізуге болатынын дәлелдедіңіздер. Демек, әрбір пара спортшымызды қазірдің өзінде жеңімпаз деуге болады. Өздеріңізді барша отандық университеттердің академиялық және зерттеушілік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретінін айтты. Президент Аризона университетінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық серіктесі болу, сондай-ақ білім беру сапасын бірлесіп арттыру жөніндегі бастамасына қолдау білдірді.

дасымыз мақтан тұтады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздегі пара спорт түрімен айналысатын азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау жалғаса беретінін айтты.

— Бүкіл еліміз бойынша 20 мыңға жуық азамат пара спорт түрімен жүйелі түрде айналысады. Соның ішінде 500 спортшы ұлттық құрама сапында өнер көрсетеді. Біз паралимпиадалық спорт түрлерін дамыту үшін қажетті жағдайды жасай береміз. Қазір өңірлерде 16 арнайы клуб пен мектеп жұмыс істейді. Спорт саласы барлық азаматымыз үшін бірдей қолжетімді болуы тиіс. Осы арада мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру мемлекет міндеті екенін баса айтқым келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Ұлттық паралимпиада құрамасы осыған дейін бұл ойындардан екі алтын және екі күміс медаль жеңіп алған болатын. Бұл жетістіктерді спортқа деген сүйіспеншілік пен ерен еңбектің

нәтижесі деп бағалаған Мемлекет басшысы құрама команда мүшелеріне зор сенім артты.

Парадзюдодан Азия чемпионы, Әлем кубогының иегері Теміржан Дәулет мемлекеттің тиісті қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне ұлттық құрамадағы спортшылар атынан алғыс айтты.

— Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне — 30 жыл. Мен тәуелсіздіктің құрдамымын. Азат елде туып-өскен мен сияқты жастардың арман-мақсаты — көк байрағымызды биікте желбірету. Банкерлеріміз жан-жақты дайындалуымызға зор еңбек сіңірді. Токиода бар күш-жігерімді саламыз, — деді спортшы.

Жиын соңында Мемлекет басшысы спортшыларымыздың өнерін бүкіл халқымыз тамашалап, жанкүйер болатынын айтты. Сондай-ақ олардың жеңісі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тамаша тарту болатынын атап өтіп, ұлт намысы сыңа түсетін сайыста сәттілік тіледі.



АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Аризона университетінің делегациясымен бейнебайланыс режимінде кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында Аризона университеті мен отандық жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық серіктестік, ғылыми және академиялық даму мәселелері талқыланды.

Президенттің айтуынша, жанданду үдерісінің әлем елдеріндегі білім беру саясатына тигізетін әсері артып келеді.

— Кейінгі жиырма жыл ішінде еліміз жоғары білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жандандырды. Қазақстан мен АҚШ арасындағы серіктестік қатынастар көптеген саланы қамтиды. Әсіресе, ғылыми зерттеу және студенттер мен оқытушылар алмасу салаларындағы ықпалдылық маңызды саналады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен байланыстардың кеңеюі

отандық университеттердің академиялық және зерттеушілік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретінін айтты. Президент Аризона университетінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық серіктесі болу, сондай-ақ білім беру сапасын бірлесіп арттыру жөніндегі бастамасына қолдау білдірді.

Америкалық жоғары оқу орнымен ынтымақтастық аясында өңірлік университеттер базасында халықаралық стандарттарға сай бірлескен білім бағдарламалары әзірленеді.

Кездесу барысында Аризона университеті мен отандық жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық серіктестік, ғылыми және академиялық даму мәселелері талқыланды.

Президенттің айтуынша, жанданду үдерісінің әлем елдеріндегі білім беру саясатына тигізетін әсері артып келеді.

БІРҚАТАР ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовті және Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілхановты қабылдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа білім және ғылым саласын дамыту жөніндегі тапсырмалардың орындалуы және жаңа оқу жылына дайындық барысы, дәстүрлі оқу форматына оралу үшін жүргізіліп жатқан ұйымдастыру шаралары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік жоғары оқу орындары қызметкерлерінің еңбекақысын биылғы 1 қыркүйектен бастап

арттыру маңызды екенін атап өтті.

Сонымен қатар Президент оқушылар арасында өтетін Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарын қолдау шараларын әзірлеуді тапсырды.

Ал Марат Әзілханов Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып жатқан жұмыстары мен қоғамдық институттардың өңірлерде жүзеге асырған іс-шараларының қорытындысы жайында баяндады.

Кездесу барысында Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты барлық құрылымдардың нақты әрі нәтижелі жұмыс істеу қажеттігі айтылды. Президент Ассамблеяның жастар қозғалысы мен Аналар кеңесінің жұмысына ерекше көңіл бөлу керек екенін атап өтті.

Кездесу соңында К.Тоқаев Марат Әзілхановқа этномедиация институтын дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Үш держава назарындағы ҚАЗАҚСТАН

Бірер күн бұрын Мәскеудегі Карнеги орталығының сайтында «Всякому друг. Смогут ли Россия и Китай вытеснить США из Казахстана» атты сараптама жарияланды. Мақала авторы Темур Умаров АҚШ, Қытай және Ресейдің Қазақстандағы мүддесі жайлы және бұл үш алып мемлекетпен Қазақстанның тең қатынас орнатып, әлі де мүдделер балансын сақтап отырғанын сипаттаған. Ал енді мақаланы бір сүзіп шығып, Қазақстан айналасында қалыптасқан геосаяси жағдайға өз еліміздің «көзімен» қарап көрелік.



Автор Қазақстанды үш держава үшін де Орталық Азиядағы ең маңызды әріптес ретінде қарастырады. Мысалы, Ресей мен Қазақстан құрлықтағы ең ұзын ортақ шекараға ие, Мәскеу бастама болған бірнеше интеграциялық ұйымдарға мүше. Қазақстан Қытайға да қызық, Си Цзиньпин кезінде «Бір жол, бір белдеу» жо-

басын осында жариялады, оған қоса, Шыңжаң аймағымен шекаралас. Бұл аймақ Бейжіңге бас ауру болғанын ескерсек, онда Қазақстанмен тұзу қатынас ұстауға ең алдымен Қытай да мүдделі дейді автор.

Алайда мақаладағы басты назар АҚШ—Қазақстан қарым-қатынасына ауған. Бүгінде АҚШ

Ауғанстаннан кетіп бара жатқан соң Орталық Азия елдері Вашингтонды арқасүйер әріптес санамайды. Оның орнын Ресей мен Қытай басып жатыр. Бірден-бір себеп — АҚШ-тың өзі Орталық Азияға қызығушылығын жоғалтты деген ой айтылады. Бірақ автор материалда АҚШ пен Қазақстан байланысы бұл логикадан ашшақ, өйткені екі ел ешқашанда «демократияны үйретуші және үйренуші», «Ауғанстанға бірге көмектесуші» мәртебесінде байланысқан жоқ, оларды мұнай айналасындағы инвестициялық жобалар жақындатқанын атап өтеді. Оған дәлел ретінде Қазақстан территориясында америкалық Chevron, ExxonMobil, Fluor, Schlumberger, Baker Hughes, General Electric, Citibank, Uber, Starbucks, McDonalds сияқты компаниялар еш кедергісіз жұмыс істеп жатқанын көрсетеді.

(Жалғасы 5-бетте)

Қосшы қала болды, не өзгермек?

Елордада жаңа спутник-қала пайда болды. Қосшы ауылы Ақмола облысының Целиноград ауданынан бөлініп, «облыстық маңызы бар қала» мәртебесінде жеке отау ікті. Жергілікті жұртшылықтың бір бөлігі бұл жаңалыққа қуанса, қалғаны көңілсіз қабылдаған. Себебі елорда іргесіндегі кент тұрғындары көп жыл бойы оның бас қалаға қосылуынан қатты үміттенді. Ондағы жаңа тұрғын үй кешендеріндегі баспана дәл осы перспективаға орай астаналыққа жетеқабыл бағамен сатылған-тын.

НҰР-СҰЛТАН БАСШЫ, БІЗ ҚОСШЫ

Қосшы — Целиноград ауданының аумағында, бас қаламыздың іргесінде орналасқан. Жалпы ауданы 2 413 гектар жерді алып жатыр. Қосшының ауыл сипатынан алыстағанына көп жыл болды. Ширек ғасырдай бұрын мұнда 1 742 адам өмір сүрген. Шаруашылық кітабы бойынша, бүгінде онда 50 мыңнан астам адам тұрақты тіркелген. Шын-

мәнінде, ол жерде 80 мыңдай адам тұратын көрінеді. Салыстырсақ, бұл — республикадағы 63 шағын және монокала тұрғындары санынан көп.

Мемлекет басшысы Қосшыға жаңа мәртебе берген «Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Жарлығына 2021 жылғы 27 шілдеде қол қойғаны мәлім. Президенттің түсіндіруінше, бұл шешім, ең алдымен Қосшы тұрғын-

дарының өмірін жеңілдету мақсатында қабылданды. Олар тұрмыстық мәселесімен облыс орталығы Көкшетауға шабылуға мәжбүр болып келді. Оған қаншама күшін, уақытын, қаражатын шығындады. Сөйтіп, тұрғындардың жүйкесін жұқартады. Қала болғаннан кейін бұл проблемалар өзектілігін жояды. Қосшылықтардың барлық мәселесі сол жерде шешіледі.

(Жалғасы 4-бетте)

Жалған ақпарат ауруды өршітеді

Ковидтен қайтыс болғандардың қарасы көбейіп барады. Ауыр індеттен ауырып жатқандарды жатқызатын орын таппай жатқанда антиваксерлермен бірігіп, әлеуметтік желі арқылы танымал адамдар да жұрт арасында теріс түсінік қалыптастырып, вакцинаға қарсы үгіт-насихат жүргізіп әлек. Алайда олардың мыңдаған қаралым жинаған жазбаларын растайтын ғылыми дерек табу қиын.

3»



Арыстағы жарылысқа кінәлілерге үкім шықты



Шымкент қаласының аумағында орналасқан 35 748 әскери бөлімінде Арыс қаласындағы қару-жарақ қоймасынан шыққан жарылыстар бойынша сот үкімі оқылды. Жарылысқа қатысы бар деген 16 адамға айып тағылды. Олардың алды 10 жыл арқаласа, тағы төртте шартты түрде бас бостандығынан айырылған. Ал Арыс қаласының 1 500-ге жуық тұрғыны жәбірленуші ретінде танылған.

7»

«Сарыарқа» велотрегі жекеменшікке өте ме?

Жақында «Сарыарқа» велотрегі жедел басқаруға берілетіні мәлім болды. Яғни, кешен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы нысанына айналады. Осы хабардан кейін халық велотректің, соның ішінде Олимпиадалық даярлау орталығының жағдайына алаңдап отыр. Ал бұған Мәдениет және спорт министрлігі мен велотрек ұжымы не дейді?

4»



Үш держава назарындағы Қазақстан

(Басы 1-бетте)

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Автор Қазақстанды АҚШ-тың тек мұнай, газ, бұрғылау құрылғылары, басқа да тауар саласындағы сауда әріптесі ғана емес, саяси байланысты да берік орнатқан мемлекет ретінде сипаттайды. Мысалы, 2012 жылдан бері екі ел арасында Стратегиялық даму жөніндегі комиссия аясында саммиттер өтеді. Салыстырмалы түрде айта кетсек, Вашингтон Өзбекстанға 5 жыл жүргізілген реформадан соң 2021 жылы ғана аталған комиссияны құру туралы уәде берді. Тек уәде, әлі құрылған жоқ. Сондай-ақ АҚШ Конгресінде Қазақстан кокусы жұмыс істейді. Бұл Конгресте бір елдің мүддесін қорғайтын саяси отырыстар. Бұл да аз жетістік емес. Сондай-ақ АҚШ Орталық Азияда өзгелерге қарағанда Қазақстан азаматтарына көбірек виза береді. 2003ж бері НАТО-мен «Дала қыраны» әскери оқу-жаттығу өтеді. АҚШ 2004-2019 жылдар аралығында казак еліне 43 млн доллардың қару-жарағын жеткізген. Егер АҚШ Ауғанстаннан шығып бара жатқанын ескерсек, онда Вашингтон бұл байланысты нығайтуға тырысады. Өйткені Ауғанстанмен қатынасты үзеу үшін Орталық Азияда сенімді серік керек.

Автор Темур Умаров осы фактілерді келтіре отырып, Қазақстан АҚШ-пен жан-жақты қатынас орнатқанын, байланыс бір саламен шектелмегенін және көрші елдермен салыстырғанда Нұр-Сұлтан мен Вашингтон арасы анағұрлым алға кеткенін жазады.



Мақалада Қазақстан басшылығы АҚШ-пен қарым-қатынасты жоғары деңгейге шығару арқылы Ресей мен Қытай мүддесінің тепе-теңдігін сақтап отырғаны айтылады. Себебі жыл өткен сайын екі ел тарапынан казак еліне саяси қысым артып келеді. Мысалы, былтыр көктемде Қытайда «Қазақстан неге Қытайға оралмақ?» деген мақала кең таралды, онда казак жерінің жартысы қытайдікі деп көрсетілген. Қазақстан Сыртқы істер министрлігі Қытай елшісін шақыртқан соң ғана дау басылды. Алайда Ресей мұндай жанама қадамдармен шектелмейді. Тіпті, Қазақстанның егемендігіне күмән келтіреді. Ресейлік депутаттар казак жерінің тұтастығына қарсы пікірлер айтты. Ал В.Путин 2014 жылы «бұрын казактарда мемлекетшілік болған емес» десе, кейін «орыс халқы жер таратып, көршілеріне үлкен сыйлық жасады» деген

болатын. Әрине, мұның барлығы Қазақстан тәуелсіздігіне жасалған шабуыл. Сондықтан Мәскеуге кіріптар болмау үшін АҚШ-пен байланыс нығая береді.

Автор материалда мұндай саяси қысымға Қазақстанның қазіргі басшылығы дипломатиялық сабырлық сақтай отырып, дер кезінде жауап қайырығанын жеткізеді. Мысал ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз мақаласында «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді» деген сөзін келтіреді. Сондай-ақ Темур Умаров Қазақстан халықаралық даулы мәселелерде қиын да болса, бейтараптық танытып, саяси блоктарға мүше болудан бас тартып отырғанын жазады. Мәселен, Қазақстан

Қырымды Ресей территориясы деп ресми мойындаған емес, бірақ сонымен бірге Президент Тоқаев болған жайтты аннексия деп те атамайды. Бұдан бөлек, Ресейдің контрракетцияларына қосылмайды, өйткені «Батыстың санкциялары ЕурАзЭО мүшелеріне емес, бөлек мемлекеттерге салынды» деп түсіндіреді немесе Қытайдың Шыңжаң аймағында жүргізіп отырған қатан саясатын ашық сынға алмайды. Бірақ Бейжіңнің бұл аймақтағы әрекеттерін қолдайтын құжатқа Ресей секілді қол қоймайды, казак-қытай шекарасын заңсыз өткендерге босқын мәртебесін береді. Автор осы мысалдарды келтіре отырып, Қазақстан басшылығының жанжалдарды айналып өтіп отырғанын көрсетеді.

Материалда ерекше назар аударылған мәселе – АҚШ, Ресей және Қытай арасындағы қарама-қайшылықтың өршуі және әртараптың Қазақстанға өзіне жақтас ретінде шақыруы. Дегенмен Қазақстан басшылығы қиын да болса, әлі де өзінің саяси бейтараптығын сақтап қалуға бар күшін салуда, себебі ірі ойыншылардың блокадалық жанжалына араласу – сау ба-сына сақина тілеумен тең. Екінші жағынан, үш державаның ешбіреуі Қазақстанды өзіне қарай «тартып алатындай» ықпал ету ресурсына ие емес. Яғни, казак елі өзі де өзінің саяси, экономикалық, әскери, дипломатиялық байланыстарын тәуелсіз жүргізуге қабілетті.

Сонымен, бұл материалға өзіміздің бағамымыз берсек. Жалпы, Мәскеудегі Карнеги орталығын бір сарапшылар АҚШ-тан қаржыландырылған соң батыс-шыл деп айыптаса, басқалары 2012 жылдан кейін путиншіл бола бастады деген сын тағады. Ал жалпы мақала Қазақстанның

күрделі геосаяси жағдайында державалар мүддесінде баланс сақтап, өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын сәтті жүргізіп отырғанын сипаттаған.

Бұл шындыққа жанаса ма? Иә, жана-сады. Елбасы Н.Назарбаев кезінде жасакталған сыртқы саясат стратегиясын Президент Тоқаев бүгінде одан әрі жалғастыруда. Өйткені бұл уақытпен тексерілген бағыт және о баста аталған саясатты жүзеге асырушылардың бірі өзі болды.

Ал мақалада автор жазғандай, соңғы уақытта үш державаның мүддесін тең ұстау Қазақстанға қиын болып бара ма? Иә, ол анық сезіледі. Біз еуразиялық интеграцияға мүше болғалы, 2014 жылы Ресей Қырымды аннексиялаған соң, Қытай Шыңжаң мұсылмандарына «қайта тәрбиелеу лагерьлерін» соғып, олардың құқығын таптаған соң, АҚШ Ауғанстаннан әскерін шығару туралы шешім қабылдағанын кейін бейтарап болу күрделене түсті. Өйткені Батыстың экономикалық санкциялары, Қытай мен Ресейдің заңсыз шешімдеріне баға беру Қазақстанға жанама түрде болса да қатысты. Егер олардың біреуін қолдасақ, онда автоматты түрде қалған екеуіне қарсы шыққандай боламыз. Алайда жоғарыда сипатталған «өзгиді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын» стратегия жемісін беріп келеді.

Ол неден байқалады? Қазақстан өлі ешбір елдің санкциясы, контрракетциясына ілінген жоқ, ешбір ел Қазақстанды қара тізімге енгізген жоқ, елшілерін шақыртып алмайды, сауда-саттық айналымы жыл сайын өсіп келеді, президент, министр деңгейінде тұрақты кездесулер, саммиттер өтіп тұрады. Яғни, ірі державалардың қысымы, мүддесі қаншалықты ықпалды болса да, олармен тең қатынас орнату, олардың тепе-теңдігін сақтау мүмкін. Көпвекторлы сыртқы саясат бұл орайда тиімді стратегия болып есептеледі.

ТҮРКИЯ мен ӘЗЕРБАЙЖАН ортақ армия құра ма?



Соңғы күндері бірқатар ақпарат құралдарында Түркия мен Әзербайжанның ортақ армия жасақтауға келіскені жайлы мәліметтер жарияланды. Әсіресе, орыс тілінде ақпарат тарататын медиа бұл ақпаратты жалаулатып-ақ жатыр. Шынымен солай ма?

Амангелді ҚҰРМЕТ

БІР ХАЛЫҚ, ЕКІ МЕМЛЕКЕТ

Негізі, Түркия мен Әзербайжанның кейінгі жылдары өте тығыз қарым-қатынас орнатқаны баршаға белгілі. Әсіресе, Анкара мен Бакудің ынтымақтастығы былтыр Қарабақ үшін болған соғыста анық байқалды. Түркияның әскери оқу орындарында оқыған офицерлер әскери бөлімдерді басқарып, Қарабақтағы операцияда түрік генералдарының әзербайжан қолбасшыларына кеңес бергені де жасырын емес. Одан бөлек Әзербайжан армиясындағы түрік инженерлері жасаған пилотсыз ұшатын қондырғылар соғыста шешуші рөл атқарғаны да есте. Бәлкім содан ба, жоқ әлде кейінгі кездері Түркия мен Әзербайжанның бірлескен әскери оқу-жаттығуларға көбірек көңіл бөлгеннен бе, әйтеуір 27 шілдеден бері «екі мемлекет бірлескен армия құрады екен» деген қауесет желдей есіп тұр. Ал оған Түркия Ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Мұстафа Шентоптың Бакуге жасаған сапарында айтқан бір сөзі себеп болғанға ұқсайды. Саясаткер журналистердің «Екі мемлекет бірлескен армия құруы мүмкін бе?» деген сауалына «Әзербайжан мен Түркия көптеген келісімге келді. Олардың арасында әскери көмек пен қорғаныс өнеркәсібі саласындағы келісімдер де бар. Осы келісімдер аясында көптеген зерттеу жасалып, екі елдің бірлескен оқу-жаттығулары өтіп жатыр. Бірақ біздің негізгі ұранымыз, Гейдар Әлиев айтқандай «бір халық, екі мемлекет». Бұл бағытта көптеген жұмыс істеліп жатыр» деп жауап берген. Яғни, М.Шентоп бірлескен армия жасақталатыны туралы ашық айтқан жоқ. Тек Г.Әлиевтің әйгілі сөзін ғана алға тартты. Алайда орыс тілінде ақпарат тарататын масс-медиа саясаткердің сөзін өздеріне жорығанға ұқсайды. Ал түрік және әзербайжан ақпарат құралдары, тіпті батыс медиасы да «ортақ армия құрылғалы жатқаны» жайлы бірде-бір мәлімет таратпады. Керісінше, әзербайжан масс-медиясы М.Шентоп айтты делінген сөздің жалған екенін де алға тартты. Демек, түріктер мен әзербайжандар арасында кенінен тараған «бір халық, екі мемлекет» дейтін қанатты сөздің астарына үнілгендер сирек болып тұр. Іс жүзінде Г.Әлиевтің бұл сөзі екі халықтың қаншалықты жақын екенін сипаттау ғана еді. Оны бірқатар масс-медиа өкілдері тура мағынасында түсінсе керек.

БҮЛ ИДЕЯ БҮРЫН ДА АЙТЫЛҒАН

Негізі, қоғамда «Туран одағы», «түркітілдес елдердің бірлескен армиясы» тәрізді ақпараттардың талқыланып жүргеніне біраз болды. Мұндай қауесеттердің тарауына кейде түркітілдес елдердің белсенділері себепші болса, кейде Ресейдің саясаткерлері ықпал етеді. Айталық, 2020 жылғы тамызда Әзербайжанның «Ұлттық қайта түлеу» партиясының төрағасы Фарадж Гулиев ортақ қорғаныс күштерін құру идеясын көтергені бар. Ол «Ортақ қорғаныс күштерін құруымыз керек. Бірлескен армия жасақтайтын уақыт келді. Егер Түркия барлық техникасын, қару-жарағын, дрондарын, қорғаныс өнеркәсібін

Әзербайжанға беретінін айтқан болса, біз де барлық тізгінді оларға беріміз керек» деген еді. Ал ресейлік саясаткер В.Жириновскийдің «Ердоған Туран армиясын жасақтамақ ниетте» деп байбалам салғаны да бар. Сөйтіп, осындай мәліметтер масс-медиада «Түркия және Әзербайжан бірлескен армия жасақтағалы жатыр» дейтін қауесеттердің таралуына алғышарт қалыптастырса керек. Әйтпесе, Баку мен Анкара бірлескен жаттығулардан әріге барған жоқ. Әрине, өзара әскери-техникалық көмек, көптеген мәселеде ұдайы бір позиция ұстану қос мемлекет үшін қалыпты құбылысқа айналған. Бірақ ортақ армия құру түгілі қандай да бір ресми одақ құру жайлы да әзірге ешқандай келіссөздер жасаған жоқ. Демек, ресейлік масс-медиа таратқан мәліметтер түркітілдес елдер интеграциясын милитарлық бағытта сипаттаудан басқа ештеңе емес. Тіпті, Орталық Азиядағы түркі халықтарына «Анкара мен Баку сендерді Туран одағынан ығыстырып тастады» дейтін месседжде де ұқсап кетті. Алайда іс жүзінде Түркия мен Әзербайжанның бірлескен әскери оқу-жаттығулары, өзара тығыз қарым-қатынасы түркі интеграциясына ешқандай да кері әсер ете қоймайды.

ӘСКЕРИ ОДАҚ ҚҰРЫЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Әрине, масс-медиада бауырлас екі мемлекеттің ортақ армия жасақтағалы жатқаны жайлы қауесеттің тарауы «Түркітілдес елдердің әскери одағы құрыла ма?» дейтін сауалды да күн тәртібіне шығарары анық. Біздің пайымдауымызша, түркі интеграциясы әзірге мәдени-гуманитарлық бағыттан ауытқи қоймайды. Әрине, одан соң сауда-экономикалық бағытта айрықша мән берілуі мүмкін. Қандай да бір саяси, әскери одақ құрылатыны туралы әзірге айту ертерек. Тек антикоррупциялық құрылымдар арасындағы байланыстар тереңдетіліп, технология алмасу жағына көңіл бөлінуі мүмкін. Айталық, түріктің Aselsan, Otokar тәрізді қорғаныс өнеркәсібіне маманданған кәсіпорындарының Қазақстанмен ынтымақтастық орнатқаны тәрізді қадамдар болуы мүмкін, одан әріге бара қоймайды. Рас, 2013 жылы Түркия, Әзербайжан, Қырғыз Республикасы мен Моңғолия «Әскери мәртебесі бар құқық қорғау органдарының Еуразиялық ассоциациясы» дейтін ұйым құруға талпынған. Төрт мемлекет атауының бас әріптерінен құралған ТАКМ дейтін шартты жоба әлі де пысықталып жатыр. Оған, тіпті Қазақстан да қосылуы мүмкін екені сөз болған. Бірақ бұл ұйым алам саудасы, терроризм мен есірткі саудасына қарсы күрес тәрізді міндеттерді орындайтыны айтылған. Кейбір сарапшылар әскери мәртебесі бар құқық қорғау ұйымдарының төрт мемлекеттегі жеке құрамының саны 2 млн 800 мыңға жететінін алға тартқан. Әзірге бұл жоба ғана. Алайда жоба дегеннің өзінде мұндай ұйым құру күрделі халықаралық келіссөздерден кейін ғана жүзеге асатын дүние. Біріншіден, Түркия НАТО-дағы одақтастарының «алдынан өтуі» керек. Қырғыз Республикасы ҰҚШҰ-дағы «ағалардың» «батасын» алуы тиіс. Әзербайжан мен Моңғолия «Қосылмақ қозғалысы» деп аталатын 120 мемлекеттен құралған әскери блоктарға қосылмау ұйымына да өз уәждерін айтуы тиіс. Демек, ТАКМ-ды құру қаншалықты қиын болса, Әзербайжан мен Түркияның әскери одақ құруы да соншалықты күрделі процесс. Сондықтан «Туран армиясы жасақталады» деген уәж жуық арада орындалуы неғайбіл, «арман» күйінде қала бермек.

Қазақстан да Олимпиада өткізбек болған. 2011 жылы Туризм және спорт министрі Т.Досмұхамбетов еліміздің 2022 жылғы қысқы Олимпиялық ойындарды өткізуге дайын екенін мәлімдеді. Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК) президенті Жак Рогге осыған қазақ елінің әлеуеті жеткілікті деп бағалапты. Ақыры 2013 жылғы тамызда ХОК-ке Алматы бірінші болып, ресми өтінім ұсынды. Дегенмен 12 елді артқа тастап, келесі жылғы XXIV қысқы Олимпиаданы өткізу құқығын Қытай жеңіп алды. Шың елінен Қазақстан бар-жоғы 4 дауысқа (44 және 40) қалып қойды. Жалпы, жаһандық осы доданы өткізу қанша тұрады, тиімді ме?

Олимпиада өткізудің пайдасы бар ма?

ОЛИМПИАДАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛУ – БЕДЕЛІГЕ НҰҚСАН

Сарапшылардың байламынша, бүгінде Токиода өтіп жатқан Олимпиада тарихтағы ең сәтсіз әрі ең шығындысы болатын түрі бар. Әлемдегі біраз елдің көшбасшысы, тіпті Toyota, Fujitsu, Panasonic секілді көптеген ірі жапон компаниясының басшылары жазғы Ойыншылардың ашылу салтанатына қатысудан бас тартты. Олар көрерменсіз өтетін олимпиада жергілікті халықтың қолдауын иеленбегенін алға тартқан. Жапония жұртшылығы оның өтуіне қарсы екенін танытып, наразылық шерулерін ұйымдастырды. Олимпиаданың ең ірі демеушілері Toyota мен Bridgestone онымен байланысты жарнамаларын паш етуден бас тартты. Себебі халықтың құрметі мен қолдауына ие болмаған Олимпиялық ойындар олардың өнімдерінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Bloomberg-тің хабарлауынша, жапондардың көбісі індет өршіп тұрғанда аса қымбат турнирден мүлдем бас тарту керек еді деп санайды. Токионың өзінде коронавирустың таралуы жалғасып жатыр. Төрткүл дүниенің ең түкпірінен қаптап келген спорт және ресми делегациялар мутацияланған инфекция түрлерін елге әкелуі мүмкін деген пікір кең жайылған. Спортшылардың біразынан КВИ анықталды. Оның үстіне, жаһандық жарыстар өткізу кезінде төтенше жағдай жарияланды.

Бұл Олимпиада – көрерменсіз өткен тарихтағы тұңғыш ойындар. Бастапқыда Жапония билігі шетелдік жанкүйерлердің келуіне тыйым салу туралы шешім қабылдаған. Ізінше стадиондарды жергілікті жұртшылық үшін де жауып тастады.

Financial Times дерегіне, демеушілер Токио Олимпиадасына 3 миллиард доллардай ғана қаражат бөліпті. Тісінше, бұл олимпиялық қозғалыстың дамуындағы соны бетбұрысқа айналуы ықтимал. Себебі уақыт өткен сайын әлемде Олимпиада өткізу шығындары еселеп өсіп барады. Демеушілердің осы сайыстарға зор қызығушылығы әрі белсенді қаржыландыруы арқасында мемлекеттің кез келген шығыны өтелетін. Егер Олимпиаданы демеушілер теріс айнала бастаса, ойындарға сонша шығын шығаруды құптамайтын тұрғындардың қарсылығы күшейсе, өзінде оны өткізуге құлықты елдер саны да сирейуі мүмкін.

ОЛИМПИАДА ӨТКІЗУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Жапонияның Наганосындағы 1998 жылғы қысқы Олимпиада 1994 жылы Норвегияның Лилехаммеріндегі Олимпиаданың 10 есе қымбатқа түсті: норвегтер – 1,3 миллиард, жапондар 14,6 миллиард доллар шығынды.

1960 жылы Италияның астанасы Римде өткен жазғы Олимпиадаға бар-жоғы 145 миллион доллардай қаражат жұмсалыпты. 1980 жылы 13-24 ақпанда АҚШ-тың Лейк-Плэсидіндегі ХІІІ қысқы Олимпиялық ойындар 373 миллион доллар қаржыны ғана қажет етті.

1992 жылы Альбервилде өткен ХVІ қысқы ойындар Францияға шамамен 2,8 миллиард долларға түсті. 1968 жылы Гренобльдегі Олимпиаданы француздар барынша арзандатып, небәрі 1,9 миллиард доллардай бағыттады. Алайда Мюнхендегі 1972 жылғы жазғы ойындар құны 3,3 миллиардқа дейін қымбаттаған. 2010 жылы Канаданың Ванкуверіндегі Олимпиада 5 миллиард доллар межесінен асты.

2012 жылғы Лондон Олимпиадасының шығыны шамамен 13,6 миллиард доллардай болды.

2014 жылы Сочидегі қысқы Олимпиадаға Ресей әртүрлі бағалаулар бойынша 25-40 миллиард доллардай шығын шығарды. Бұл әлем тарихындағы ең қымбат ойындар саналып келген. Өйткенмен 2015 жылы тексеру жүргізген РФ Есеп палатасы қаланы абаттандыру шараларын қоспағанда, Сочи де стадиондарды, спорт және қосалқы объектілерді салуға, уақытша инфрақұрылымды тұрғызуға, сондай-ақ қысқы Олимпиада және Паралимпиялық ойындарды дайындап, өткізуге небәрі 325 миллиард рубль (сол кездегі бағам бойынша 4,8 миллиард доллар) шығындалғанын

жариялады. Оның тек 104 миллиард рубль бюджеттен бөлінген. Қалған 221 миллиард жеке инвестициялар құрады. Әлінің айту керек, солтүстік көрші жаһандық доланы өткізуге бастапқыда тек 214 миллиард рубль (оның 100 миллиарды – бюджеттен) жұмсауды жоспарлапты. Сочи ойындарын өткізуден Ресей 85,4 миллиард рубль табыс көрді (соның ішінде ХОК оны ұйымдастыруға 833 миллион доллар бөлген). Бұл о баста жоспарланған табыстан 2 есе көп болғанымен, Олимпиада көршіге бәрбір қаржылық пайда әкелмеді.

Ресейдің экономика ғылымдарының докторы, белгілі эксперт Игорь Николаевтың бағалауынша, Сочи Олимпиадасы өте шығынды болды.

«325 миллиард рубль ресми шығынға инфрақұрылымға жұмсалған қыруар шығыс кірмей қалды. Оны қосса, Сочи Олимпиадасына шамамен 1,6 триллион рубльден артық (25 млрд доллар) шығын жұмсалды. Олар бюджеттен, мемкомпаниялардан, шетелден кредит түрінде алынды және әлі күнге өтеліп жатыр. Сол кезде жарыстар үшін салынған нысанның көбісі қазір пайдаланусыз, жабық тұр. Сонда салынған жүзеген шақырын жол бірер жыл өте қайта төселді, жанартылды», – дейді сарапшы.

Спорт делегациялары, туристер үшін теңіз жағалауынан тау кластеріне, «Красная Полянаға» апаратын жеке теміржол тұрғызылған. Алайда ойындар аяқталған соң, 285 миллиард рубль шығындалған мега-жоба – туристік теміржол желісі құрынысқа ие болмай, тоқтап қалған.

БІР САЙЫСТЫ ӨТКІЗУ ҚҰНЫ – 22,4 МЛН ДОЛЛАР

Осыған дейінгі ХХХІ жазғы Олимпиада 2016 жылғы 5-21 тамыз аралығында Бразилияның Рио-де-Жанейросында өткені мәлім. Reuters ақпараттыңша, осы елдің Олимпиялық мұра федералдық агенттігі (AGLO) Рио-де-Жанейро Олимпиадасын ұйымдастыруға кеткен шығынды 43,3 миллиард реалға (\$13,2 млрд) бағалады. Яғни, шығындары бастапқыда жоспарланған 28,8 млрд реал (\$8,8 млрд) бюджеттен 4,4 млрд долларға асып кетті. Бразилиядағы жаһандық жарыстар да шығынды болды.

Ал Токиодағы Ойындар шығындылығы жөнінен оны да артқа тастайтын түрі бар. The Wall Street Journal жазуынша, Жапония 2020 жылғы Олимпиаданы ұйымдастыруға жалпы саны 25 миллиард доллар шығын шығарды. Спортшыларға қауіпсіз орта түзу үшін ғана 900 миллион доллардан артық қаражат кетті.

Биылғы 20 шілдеде ХОК-тың 138-сессиясында Токио-2020 ұйымдастыру комитетінің бас хатшысы Тосиро Муто Жапония үкіметі мен Токио үкіметі жазғы ойындарды ұйымдастыруға 15,4 миллиард доллар бағыттағанын мәлім еткен. Олимпиада бір жылға кері шегерілгенде оның бюджеті өсірілген. Өйткенмен жапон аудиторлары журналистерге Олимпиаданың жалпы шығысы 20 миллиард доллардан асқанын хабарлады.

ХОК 2020 жылы жариялаған Олимпиялық ойындар құнына қатысты зерттеуге жүгінсек, мұндай халықаралық іс-шараны өткізудің орташа құны 12 млрд долларға түспек. Алайда спортпен байланысты емес жалпы шығыстары бұдан бірнеше есе артады.

Жазғы Ойындарда 1 ғана спорт түрі бойынша жарысты ұйымдастырудың орташа құны – \$22,4 млн, қысқы ойындарда \$39,2 млн доллар тұрады.

Қорыта айтқанда, Олимпиада – аса қымбат жоба. Қазіргі уақытта оның шығыны өзін-өзі өтемейді. Рас, оның саяси, экономикалық пайдасы жоқ емес. Осындай әлемдік аламан өткеннен кейін туризм дамды, ол қаланың танымалдығы артады. Бірақ бұған өзге іс-шаралармен және бастамалармен де қол жеткізуге болады.

Елдос СЕНБАЙ

Басты мәселе – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу



ZOOM платформасы арқылы «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Жиынды аталған кеңестің төрағасы Тасқынбай Бүрлібаев жүргізді. Күн тәртібінде әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының аудан көлемінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын

алу мақсатында атқарып жатқан жұмыстары мен «Nur Otan» партиясы әл-Фараби аудандық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің 2021

жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмысының есебі туралы екі мәселе қаралды.

Отырысқа партияның аудандық және қалалық филиалдар жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағалары мен мүшелері, «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары Жанар Бектаева, «Nur Otan» партиясының қалалық мәслихаттағы фракциясының жетекшісі әрі төрағаның орынбасары Бекайдар Төлегенов, «Nur Otan» партиясы әл-Фараби аудандық филиалының төрағасы Рашид Мынбаев қатысты.

Отырыс қорытындысы бойынша арнайы қаулы қабылданып, хаттама түзілді. Қаулыға отырыста көтерілген ұсыныстар енгізілді. Ұсыныстардың мерзімінде орындалуын бақылау үшін аталған қаулы әл-Фараби ауданының әкімі Рашид Мынбаевқа жолданатын болады.

Маңғыстауға 4 вагон мал азығы жіберілді

Түркістан облысы Отырар ауданы Темір стансасынан Маңғыстау облысына 4 вагон шөп жіберілді. Бұл игі іс-шара Отырар ауданы әкімдігі мен тұрғындарының ұйымдастыруымен, «Nur Otan» партиясы Отырар аудандық филиалының үйлестіруімен жүзеге асырылды. Сонымен бірге «Jas Otan» Жастар қанатының өрендері де еріктілермен бірге игі іске атсалысты.

Бірліктің арқасында Арыстан-бабтан пір Бекеттің ауылына 4 вагонға тиелген 80 тонна шөп артқан эшалан жолға шықты. «Жұртымызды жұтапайық», «Біз біргеміз», «Отырар ауданынан — Батысқа көмек» ұрандарымен ұйымдасқан отырарлықтар игі істі жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

— Қуаншылықтан қиындыққа тап болған батыстық ағайындарға бүкіл Қазақстан халқы жәрдем беріп жатыр. Осындай игі істен



отырарлықтар да шет қалмайды. Біздің көмегіміз бүгінгі акциямен шектелмейді. Алдағы уақытта батысқа жіберетін шөп көлемін 200 тоннаға жеткізбекпіз, — деді Отырар ауданының әкімі Әбдіғали Жүнісов.

Айта кетейік, Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеевтің атсалысуымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен келісім

шешілгені белгілі. «Nur Otan» партиясының Түркістан облыстық филиалы да аталған акционерлік қоғамына хат жолдап, қолдауына не болды. Аумақтағы филиалдар игі іске жұмылдырылды. Осы арқылы Түркістан өңіріндегі аудан, қалалардың жанашыр азаматтары, белсенді тұрғындары ұсынған көмек Маңғыстау облысына жіберіліп отыр.

Қабылдаудағы әр азаматтың өтінішіне құлақ асты

Батыс Қазақстан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, облыстық мәслихат депутаты Мұрат Мұқаев тұрғындарды қабылдады.

Қабылдау бөлмесіне тұрғын үй мәселесімен жалғызбасты ана хабарласты. Мұрат Рахметұлы барлық мән-жайды толығымен біліп, тиісті мекемелерге жолығуларын сұрап, заннамалық тұрғыдан кеңесін айтты.

Келесі болып мектеп-интернаттың жабылуы салдарынан жұмысыз қалу қаупін сезініп келген көпбалалы ана көмекке жүгінді. Қабылдау барысында тұрғынның басындағы мән-жайы анықталып, өз кезегінде Мұрат Мұқаев тиісті мекемеге депутаттық сауал жолданатынын мәлім етті.



Қабылдауға өзінің кітабын таныстырып, партиядан қолдау сұрай келген кәсіпкер де келді. Бұл мотивациялық кітап өңірдегі параспорттың дамуына елеулі үлес қосқан жандар жөнінде жазылған. Өтініш ісіннің әңгімесін мұқият тыңдаған Мұрат Рахметұлы кәсіпкердің толық байланыс деректерін

жазып алып, тиісті мекемелерге бұл мәселе бойынша депутаттық сауал жолдайтын жеткізді.

Қабылдау қорытындысына сай әрбір тұрғынның талап-тілегі, өтініші назардан тыс қалмай, барлық мәселе бойынша консультативтік және заннамалық тұрғыдан түсініктемелер берілді.

1 000 бума шөп жөнелтілді

«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының бастамасымен Ақтөбе облысынан Маңғыстау өңіріне 1 000 бума шөп жіберілді.

«Jas Otan» Жастар қанаты қуаншылықтың салдарынан төрт түлігіне азық таппай қысылған Маңғыстау өңіріне республика көлемінде көмек көрсету мақсатында ізгілікті істі жуырда қолға алған болатын. Осы бастамаға жастар қанатының әр өңірдегі филиалдары жұмылып, жас депутаттар корпусы мен көмекке қол созуға ниетті қайырымды азаматтар қолдау білдірді. Сонымен қатар бұл іске BizBigemiz еріктілер қозғалысының мүшелері де жұмылдырылды.

Маңғыстау облысына мал азығы Ақтөбе өңірі арқылы жіберілетін болғандықтан, бұл ізгілікті істі ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстары «Jas Otan» Жастар қанаты Ақтөбе облыстық филиалына жүктелді. Күні кеше игілікті іс мәресіне жетті.



Ақтөбелік жастар Темір ауданының орталығы Шұбарқұдық ауылының маңындағы шабындық алқабынан мал азығын тиіп, жүк көлігін Маңғыстау өңіріне жөнелтті. Қашанда игілікті істердің басында жүретін жастар қанаты осылайша тағы бір бастаманы жүзеге асырды. — Бұл бастама — біздің ғана

емес, барша жасотандықтың идеясы. Осындай қиын кезеңде көршілес облыстарға қолдау көрсету біздің қамқорлығымыз мен азаматтығымызды білдіреді. Алдағы уақытта да мұндай игі істер жалғасын табады, — деді «Jas Otan» Жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Әнуар Искаринов.

Дайындаған Әбілмансұп ЖАСАН

Жалған ақпарат ауруды өршітеді

Ковидтен қайтыс болғандардың қарасы көбейіп барады. Ауыр індеттен ауырып жатқандарды жатқызатын орын таппай жатқанда антиваксерлермен бірігіп, әлеуметтік желі арқылы танымал адамдар да жұрт арасында теріс түсінік қалыптастырып, вакцинаға қарсы үгіт-насихат жүргізіп әлек. Алайда олардың мыңдаған қаралым жинаған жазбаларын растайтын ғылыми дерек табу қиын. Әлде «анау айтты» деген сөзді әр сөзіне арқау ететін антиваксерлерге жауапкершілік жоқ па?

Жадыра МҮСІЛІМ

Мемлекет басшысы жауапкершілікті түсінбейтін антиваксерлер үшін отбасын асырап отырған өзге азаматтарымыздың денсаулығына қауіп төндіруге болмайтынын, сол үшін вакцинациялағысы келмейтін адамдармен жұмыс жасауда сараңданған тәсіл қолдану қажеттігін айтқан. Әсіресе, антиваксерлерге қарсы өз қаруын қолданып, әлеуметтік желіде еке алу туралы үгіт-насихат жүргізіп, сендіру керектігін жеткізді. Президент сендірудің соны ірі еңбек ұжымдарының қызметіне байланысты ерекше жағдайларды қоспағанда батыстағыдай мәжбүрлеу шарасына ұласып кетпеу керектігін қадап айтты.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛПЕР ANTIWAKCERLERGE KOЛAЙЛЫ

Антиваксерлердің ақпараты аурудың өршуіне себеп болуда. Facebook-тің 100 миллионнан астам пайдаланушысының хабарламасын талдаған американдық ғалымдар осындай қорытындыға келді. Сарапшылар антиваксерлердің саны әлдеқайда аз болғанымен, олардың әлеуметтік желідегі белсенділігі өте жоғары деп отыр. Мәселен, соңғы жылдары әлеуметтік желіде блогерлердің әр сөзін айналай қайталайтын миллион жазылушыға ақ пен қараны ажырату

маңызды емес. Сондықтан танымал адамдар вакциналардың пайдасы туралы ғасырлар бойы дәлелденген ғылыми фактілерді жоққа шығару арқылы да жазылушылар санын көбейтуге жұмыс істей бастады. Бұдан біраз жыл бұрын да дәлелденбеген ақпараттарды желіге шығарудың соны көптеген елдерде құс тұмауы мен қызылша ауруының асқынуына әкелді.

Американдық антрополог және вакциналарға сенім жобасының негізін қалаушы Хайди Ларсон ковид таралмай тұрған кезде індеттің таралуы алдын-алу технологиясының жетіспеушілігінен емес, әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялардың тоқтаусыз жүруінен туындайтынын айтқан болатын. Шындығында дәл қазіргі жағдайда коронавирустың өршуіне теріс ақпараттың салдары көп.

TANIMAL ADAMДАР JAУAПҚA TAPTYЛFAN JOҚ

Пандемия басталғалы бері жалған ақпарат таратқан танымал адамдардың жауапкершілікке тартылғанын естіген жоқпыз. Есесіне екепке қарсы жазба қалдыратындардың қатарында елге белгілі азаматтар бар. Әзілкеш Қайрат Әділгерей екепке салдырғандар ауру болып қалды дегенге саятын бейне жазба түсірген. Айтқыскер-ақын Балғынбек Имашев екепке салдырмағандар арасында ұтыс ойының ұйымдастырып, 500 баспана сыйлайтынын айтты. «Маған екепке ету керек емес. Керек болса да екепке едім. Тағдырымды вакцинаға емес, Аллаға тапсырдым», — дейді айтқыскер. Сайып келгенде бұл екепке алуға шақырып жатқан мемлекеттің саясатына көп-көрнеу қарсы шығуға жатпайды ма? Ал желіде миллионнан астам жазылушысы бар әзілкеш Нұрболхан Шарапов екепке алып, көз жұмғандар бар екенін айта келіп: «Енді, осындай жағдай көрсенділер бірден телефонға түсіріп жіберіңіздерші маған. Күнін, мекенің атын видеоға айтты. Әр нәрсеге ертен дәлел керек. Себебі, соттың не



екенін жақсы білем мен», — деген. Оның жазбасында айтылғандардың негізсіз екені сөзінен дәлел. Өйткені екепке салдырғандар көз жұмғандар туралы ақпарат ешбір жерде жоқ екенін өзі айтты түр. Екіншіден, вакцина жасаушылардың айтқан деректерін емес, бұған дейін бірнеше жыл бұрын келтірген ескі пікірлерді жинақтап, фейк ақпарат таратады.

Екепке салдырмау керектігін айтып жүрген Балғынбек Имашев пен Нұрболхан Шараповтан желіде жарияланған жазбаларының дұрыстығын білмеке қонырау соқты. Дегенмен бірнеше рет хабарласқанымызбен, жауап берген ешкім болмады. Ал Нұрболхан Шараповтың көмекшісі: «Әлеуметтік желіде кім не айтқысы келсе, өз еркі. Өзінің жеке парақшасы болғандықтан, азаматтық ойын білдіруге құқысы бар. Ол кісі ешқандай газет, телеарналарға сұхбат

бермейміз деп айтқан», — деп қысқа қайырды.

Елімізде соңғы тәуліктің өзінде ғана 7479 адамнан ковид анықталды. Ал 1573 адамның жағдайы ауыр. Олардың 90 пайыздан астамы екепке салдырмағандар. Сол үшін денсаулық саласының мамандары уақыт өткізбей елді екепке салдыруға шақырады. Алайда вакцинаның «қауіп-қатері» жайлы фейк ақпаратқа құлақ түретіндер көп.

Жалған ақпарат таратқандарға жаза бар

Бізге қолданыстағы заңнамала көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілік бар. Фейк ақпарат таратқандарға Қылмыстық кодекстің 274-ші бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. Қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын

мүдделеріне елеулі зиян келтіру қауіпін төндіретін көрінеу жалған ақпарат таратқандарға 1000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Не болмаса түзеу жұмыстарына, 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылуы тиіс. Сондай-ақ бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. ІІМ Баспасөз қызметінің дерегіне, биыл алты айда 43 қылмыстық іс тіркелген. Соның ішінде 11 қылмыстық іс вакцинация туралы. Оның алтауы қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылған. Қазіргі уақытта жалған ақпарат тарату бойынша үш қылмыстық іс тергеліп жатыр.

ANTIWAKCERLER XALЫҚTYҢ 5 ПАЙЫЗЫНАН АСПАЙДЫ

Американдық Денсаулық сақтау қауымдастығының мүшесі, иммунолог-профессор Алмаз Шарман күмәнді ақпарат көздерге сену арқылы адамдар өздеріне және жақын адамдарына өлім қауіпін төндіріп қана қоймай, ұжымдық қорғаныстың нашарлауына, ауру мен өлімнің өсуіне, әсіресе коронавирустың дельта нұсқасының пайда болуына қарағанда соқтырғанын айтып отыр. «Негізгі антиваксерлердің саны халықтың 5 пайызынан аспайды. Алайда олардың шамадан тыс белсенділігі мен агрессивті әрекеттері екі ойла жүрген халықты өз жағына тез тартып жатыр. Өздерінің қамқор болғысы келген кейіп танытқанымен, ашық диалог жасауға асықпайды. Бірақ сөздерін дәлелдеуге тырысады. Келтірген болжамдарының дені әлемдік ақпараттар, Гейтстің чиптерін алға тартады. Әлемдік тұлғаны айту бір қарағанда сенімді көрінеді. Бірақ оның айтқаны ешқандай ғылыми сынға жауап бермейді», — дейді Алмаз Шарман.

Антиваксерлердің әрекетіне тосқауыл қою тек Қазақстанда ғана емес, дамыған елдердегі басты мәселеге айналып отыр. АҚШ-тың 46 штатында соңғы апталарда коронавирус ауруы өршіп кеткен. Пандемиядан қайтыс болғандар саны айтарлықтай азайғанымен,

вакцинация қарқыны күрт баяулаған. Өйткені бұл елде де антиваксерлер әлеуметтік желілерде белсенді үгіт-насихат жүргізуде. Ақ үй тарапынан екепке қарсы ақпарат таратқандарға түрлі шаралар қолдана бастады. Бүгінгі өзінде бұл елде Facebook және Twitter желісіндегі антиваксерлердің хабарламаларына шектеу жасалып, YouTube арнасындағы вакцинаға қарсы бейнежазбаларды жойдырып, Facebook желісін сынға алған АҚШ президенті Джо Байден коронавирустық вакциналар туралы жалған ақпаратпен күресуде қауқарсыздық танытқандарға жауапкершілік жетіспейтінін мәлімдеді. БАК өкілдерінің сауалына жауап берген АҚШ президенті: «Халықтың қырылуына ковид емес, антиваксерлер кінәлі. Олар ақпарат арқылы адамдарды өлтіреді», — деп жауап берді.

Осы елде он жылдан бері тұрып жатқан Динара Идаялова сөз бостандығына шектеу қойылмағандықтан, антиваксерлер күні-түні жұмыс істеп жатқанын айтады. «Жақында Джо Байден «екпе салдырмайынша бетперде киесіңдер» деді. Осы сөздің өзі елдегі көптеген танымал адамдардың наразылығын тудырды. Тіпті, Президенттің өзін үш әріпке апарып тастады. Елдегі саясаткерлер мен Конгресс депутаттары «Елде екепкеден басқа маңызды мәселе жетеді. Ковид дегендердің дәлбаса» деп ашық пікір білдіріп, Конгреске бетпердесіз келді. Бірақ олардың ешқайсысы жауапкершілікке тартылған жоқ», — дейді Динара Идаялова.

Бүгінде әлеуметтік желіге тіркелмеген адам аз. Кейбіреулер бір емес, бірнеше желіні пайдаланып, күн сайын түрлі жазбалар қалдырады. Азаматтық қоғамның ойын ашық айтып, билік тарапынан көңіл аударылмай жатқан мәселеге жұрттың көзқарасын білдіруі құптарлық. Дегенмен әлеуметтік желінің өлегі аз болмай тұр. Жауапкершілік жоқтығын жақсы біліп алдық па, жазу еркіндігін өздігімізше түсініп жүрміз. Бірақ азаматтық қоғамның бейнесі әлеуметтік желіге байланысты болып тұрған шақта адамдардың басын қауіпке тігу азаматтыққа сын болмас па екен?!

Қосшы қала болды, не өзгермеді?



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӨРІП

Оның үстіне енді елді мекеннің бюджеті де ұлғаяды. Қосшы әкімі Ержан Жолымбетовтің мәліметінше, Қосшының бюджеті бар-жоғы 70-80 миллион теңге. Себебі биылғы қазынасы «ауылдық округ бюджеті» ретінде бекітілі. Бюджетінің кіріс бөлігі 2021 жылы небәрі 53,1 миллион теңгені құрады. Яғни, табысы тым аз. Демек, мәртебесі өзгерсе де, қала дотациялы болып қала бермек.

Қосшы өз аумағындағы бизнес және басқа да нысаннан биыл 32 миллион теңгеге жуық салық жинауды жоспарлап отыр. Салықтық емес түсімдері 1,5 млн теңге ғана. Жетпейтін қаражатының қалғанын тегін трансферт, субвенция түрінде аудандық бюджеттен алатын. Қала болған соң, облыстық бюджеттен алмақ. Сәйкесінше, субвенция көлемі де жоғары болады. 500 мил-

лионға жетуі ықтимал. Әрине, астанаға қосылғанда, миллиардтарды жұмсайтын деңгейге көтерілетін еді. Ол арманы сағымдай алыстап кетті. «Дұрысы, Қосшыны Нұр-Сұлтанның аумағына жатқызу орынды болатын. Аты да айтып тұр ғой, «Нұр-Сұлтан басшы, біз Қосшы» деп жүретін едік. Алайда Ақмола облысының қол астында қалып тұрмыз. Елорда мен Қосшы бір-бірімен тығыз араласып жатыр. Біздегі тұрғындардың барлығы дерлік астанада жұмыс істейді. Тіпті, автокөліктерімізге қарасаңыз, 80-90%-ы елордада тіркелген. Бала-ларымыз да бас қаладағы мектептер мен балабақшаларға барады. Мемлекеттік және медициналық қызметтердің 90%-ын Нұр-Сұлтанда аламыз», — дейді жергілікті тұрғын Әлібек Сасықов.

ҚАЛАНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ ЖЕТІП АРТЫЛАДЫ

Қосшы жұрты жана мәртебе бұрыннан қордалған мәселелерді шешуге тын серіні берелі сенеді.

«Біріншіден, бізде жана қазанғадай толыққанды жылу электр орталығын салса дейміз. Сонда бүкіл жеке сектор орталық жылу жүйесіне қосылып, қаламыз ыстық сумен қамтылар еді. Әзірге қуаты 75 Ккал/с ескі қазандықтың қуаты оған жетпейді. Екіншіден, Қосшыда жеке өрт сөндіру бөлімі ашылып, одан бір мезгілде 4 өрт сөндіру машинасы шақыруға аттана алады деген. Құрылысы сол бойы басталмады. Өрт сөндірушілерді елордадан шақыруға тура келеді. Олар қыста бізге жете алмай, қарға мал-тығып, кері қайтады. Қаншама нысан солай жанып кетті», — дейді Қосшы тұрғыны Айнуір.

Үшіншіден, қосшылықтар әкімдіктің жанынан мамандандырылған техникалары бар, қала көшелерін қардан тазалайтын, коксытарды орталықтандырылған түрде шығарып өклетінін коммуналық шаруашылықтар құрылыс дейді. Әкімдіктің сендіруінше, ауылға қала мәртебесі берілгені, тиісті

қалалық инфрақұрылымды дамыту бойынша іс-шаралар кешені жүзеге асырылатын болады.

«Біздің басты проблемамыз — тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, жолдарға, абадандыққа қатысты. Осы іс-шаралар лайықты қаржыландырылып, мәселелер шешімін тапса, ел дән риза болмақ. Жана мәртебе барлық салада жақсы өзгерістерге жол ашады. Қосшыда қазіргідей 8 адамнан емес, 60-тан астам адамнан тұратын әкімдік қалыптастырылады. Әкімдікте барлық жеке құрылым — ТКШ, сәулет, жолдар, әлеуметтік қорғау және басқа бөлімдер құрылады. Қала мәртебесінің бір кемшілігі — бюджеттік ұйым қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер ауыл кезінде алып келген 25% үстемесінен айырылады», — деді журналистерге берген сұхбатында Қосшы әкімі Ержан Жолымбетов.

Қаланың төл прокуратурасы, соты, Полиция департаменті пайда болады. Қалалық коммуналық қызмет құрылады. Мысалы, жергілікті су арнасы аудан орталығы Ақмолдан Қосшыға көшеді. Әзірше жана қала судан тартылып отыр: демалыс күндері сусыз қалады. Электр қуаты да бірде беріліс, бірде берілмейді. Халық мұнда үлкен ауруханаға қажеттілік барын айтады. Кентте тек «Жаңа» отбасылық денсаулық орталығы орын тепкен, оған 22 376 адам тіркелген.

Бұдан бөлек, тұрғындар бірнеше мектеп салуды сұрайды. 1 200 оқушыға арналған жана білім орданының құрылысы келесі жылы аяқталмақ. Құрылысы тоқтап қалған кезі де болыпты. Мердігер 2020 жылы 886,7 млн теңгені игерген. Мектеп құрылысын жалғастыруға 2021 жылы республикалық бюджеттен 1,4 млрд теңге, облыстық бюджеттен 249,1 млн теңге бөлінді. Жана қалада тек екі мемлекеттік, бір жекеменшік мектеп бар.

«Әйтпесе, «Лесная поляна» тұрғын үй алабындағы мектепте балалар 3 ауысымға әзер сыюда. Балалар саны көп. Біздегі оқушылардың жалпы саны — 6 622. Амалсыз, астанаға шұбырады», — дейді Алмагүл Үкімова.

Әкімдіктің дерегінше, алда жалпы саны 2400 оқушыға арналған тағы екі мектеп салу жоспарлануда. Сонымен бірге Қосшыда 22 балабақшада 4 045 бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр.

1 ШАҚЫРЫМ ЖОЛДЫ ЖӨНДЕУ 113 МИЛЛИОНҒА ТҮСПЕК

Қосшының ең ірі проблемасының бірі — жол жағдайының нашарлығы. Ресми дерекке сәйкес, Қосшыда көше-жол желісінің ұзындығы — 185 шақырым. Соның ішінде бар-жоғы 34,4 шақырымы асфальтталған. Тағы 50 шақырымына қиыршықтас-шағылтас төселумен шектелген. Көліктердің дөңгелегіне үшкір тастар қадалып, жүргізушілердің жүйкесін құртады. Қалған 98,6 шақырымы — шаны бұрқыраған кәдімгі қара жол. Олар көктемде, күзде жеңіл көліктің жүруіне жарамсыз болып, ойылып қалады. Тек жүк көліктерінің еншісіне тиеті. Елордаға автобуспен, тақимен қатынап жұмыс істейтін тұрғындар болса, аяқкіім сыртынан кәдімгі полиэтилен пакет киіп, балшық кешіп жүреді.

«Қосшыдағы Республика көшесі жөндеу жұмыстары сақалды құрылысқа айналды. Сәуірде басталған жұмыс өте баяу жүреді. Нұр-Сұлтаннан келетін тасжолдан «Лесная полянаға» бұрылып, Республика көшесіне жететін шұрқ тесік жолдағы шұңқырлар уақытша болса да шұғыл жамап-жасқалса дейміз. Ауыл өкімінен еш қайыр жоқ. Облыс әкімінің де тұшымды жауап ала алмадық. Құрғақ сөз, бір-біріне сіптеу. Бүгінде көліктер үлкен жолға «Лесная поляна» арқылы шығады. Үлкен

кептеліс туады, апаттық жағдай қауіп артты. Нашар жол көліктің со-ры», — дейді тұрғын Ердоқ Қалықов.

Ақмола облысының әкімі Е.Маржықпаевтың айтуынша, «Қосшы ауылының ұзындығы 6,2 шақырым болатын Республика көшесін орташа жөндеу» жобасы биыл басталды. Жобаның жалпы құны — 704,6 млн теңге. Әр шақырымға — 113 миллион теңгенен. Яғни, көшенің бір шақырымын жөндеу бүкіл Қосшының бір жылғы бюджетінен де асып кетпек!

Ермек Боранбайұлы бұл ретте жай жол төсеумен шектелмей, кешенді абадандыру шарасы жүргізілетінін хабарлады.

«Мердігерлік ұйым — «Бұланды тас қарьері» ЖШС. Бүгінде «Шығыс аула» мейрамханасының ауданында су өткізу құбыры орнатылды, тротуарлардың бір бөлігі асфальтталды. Жұмыс жалғасуда. Жөнде-летін көшеде ескі асфальт-бетон жабынғысының беткі қабатын сүру, фрезерлеу басталды. Республика көшесіндегі жарықтандыруды жөндеу, кабель мен шамдарды ауыстыру және су өткізу ғимараттарын орнату жұмыстары қолға алынды. 2021 жылы 3 шақырымда асфальттау және абадандыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда», — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы Қосшы қала мәртебесін иеленгендіктен, инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру көлемі артаатынын хабарлады. 2021 жылы Қосшы ауылында 280 орындық балабақша, бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана құрылысы жүргізіледі. Көріз жүйесі төселеді. Нижне-Романов кен орнынан Қосшы ауылына дейін бас тоған салынады. Сондай-ақ Қосшы ауылында өрт депосының және электрмен жабдықтау желілерінің (4-көзек) құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Осы бағыттағы жұмыстар облыс әкімді-гінің тұрақты бақылауында болады.

Жақында «Сарыарқа» велотрегі жедел басқаруға берілетіні мәлім болды. Яғни, кешен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы нысанына айналады. Осы хабардан кейін халық велотректің, соның ішінде Олимпиадалық даярлау орталығының жағдайына алаңдап отыр. Ал бұған Мәдениет және спорт министрлігі мен велотрек ұжымы не дейді?

«Сарыарқа» велотрегі жекеменшікке өте ме?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

КЕЛІСІМНЕН ҰТАТЫН КІМ?

2013 жылы салынған «Сарыарқа» велотрегінің еліміз үшін маңызы зор. Олай дейтініміз, 58 мың шаршы метрлік кешенде спорттың барлық түрі бойынша спорт залдары, фитнес орталықтар, бассейн, баскетбол алаңдары, музайдыны, мәжіліс залдары, мейрамхана мен қонақүйі де бар. Бұл спорт түрлерінен ұлттық құрамалардың дайындалуына, халықтың жаппай спортпен айналысуына, кез келген іс-шараға сақалдай-сай болуға жағдай жасайды. Оған қоса велотректе әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен мүгедектер үшін жеңілдіктер қарастырылған. Ә дегенде спорт кешені жекешелендіруге өтсе, ары қарай не болмақ?

Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған мәліметке көз жүгіртсек, МЖӘ бойынша ұсыныс ақпан айында түскен екен. «Қазақстандық велосипед спорты федерациясы» министрлікке «Сарыарқа» республикалық велотрегі негізінде UCI халықаралық спутниктік орталығын құру және балалар спортын дамыту орталығын ашу жобасын таныстырған. Осы тұста бұйрыққа сәйкес, аталған федерацияның МЖӘ келісімшартын талқылау бойынша тікелей келіссөздердің қатысушысы екен. Қазір министрлікпен екінші тарап келіссөз жүргізіп жатқанға саяды. Олар «жеке серіктеске талаптар қойылады және есептеулер талданады» деп отыр. Түсінінгеніміз, жауапты орган «федерация келіссөздердің қатысушысы» дегенімен, кешендегі мамандарды оқытып, халықаралық спутниктік орталық құруға қаржы бөлетін нақты кім екенін айтпай отыр.

«МЖӘ механизмі шеңберінде объекті жекеменшікке иеліктен шығару құқығынсыз ғимаратты жедел басқаруға ғана беріледі. Ал барлық спорттық компоненттер, оның ішінде 17 жазғы олимпиадалық спорт түрін спортшылар дайындалатын Олимпиадалық даярлау орталығы бұрынғыдай министрліктің қарауында қалады. Жобаны жүзеге асыру барысында Олимпиадалық даярлау орталығының спортшылары аталған объектіге келергісіз кіре алады. Бұл өз кезегінде олимпиадалық резервтің дайындалуына кері әсерін тигізбейді. Сондай-ақ аз қамтылған және көпбалалы отбасыдан шыққан, мүгедек және жетім балалар үшін тегін секция қарастырылған. Бастысы, паравелоспорттың дамуына ерекше көңіл бөлінеді», — дейді министрлік өкілдері.

Сонымен, жеке серіктес UCI халықаралық спутниктік орталығын құрып, спортшылар мен жаттықтырушы-оқытушылар құрамын дайындау және біліктілігін арттыру бойынша халықаралық аккредиттеуден өткізуге бел байлап отыр. Балаларға арналған халықаралық білім

беру бағдарламасын енгізумен бірге балалар спортын дамыту орталығын құру бойынша қызмет көрсетуді де қолға алмақ. Оған қоса, жоба шеңберінде жанадан құрылған Nur-Sultan Cycling Team-ға қолдау көрсетілмек.

Жалпы, спорт саласындағы МЖӘ-нің инфрақұрылымы жаңарту мен жақсарту үшін инвестиция тарту мақсатында жүзеге асатынын ескерсек, жаналыққа қуануға болады. Алайда министрлік субсидия көлемін, шартын, жеке серіктестің нақты кім екенін ашып айтпай отыр. Сондықтан да қоғам пікірі екіге жарылып, белсенділер «124 млн долларға салынған кешен қолдан сусып кетпесін» деп шарқ ұрып жатыр.

АЛАҢДАУҒА СЕБЕП БАР МА?

Жекешелендіру жайын естісек, кірпідей жиырылғанымыз бар. Әрине, шарты мен түсер пайдасы айқын жарияланса, қолдайындар табылары анық. Осы тұста ғимарат басшысынан жағдайдың барысы жайлы сұрап, білуге тырыстық.

«Өздерініз білетіндей, біз тек орындаушымыз. Жоғары жақ қандай тапсырма береді, соны мақұлдаймыз. Бізге ешқандай өзгеріс болмайтынын түсіндірді. Өзгеріс деп отырғанымыз, кадрлар ауысуы мен жұмыстан қысқартуы жайы. Өйткені велотректегі қызметкерлер, соның ішінде техникалық қызметкерлер қысқарту болып-болмайтынына алаңдап отыр. Жұмыс орындары қысқармайтынын айтып сендірді. Олардың айтуынша, мамандарды оқытып, халықаралық орталық құрмақ. Бұл тұрғында пікірім жоқ. Жоғарыда айтқанымыдай, қалай деп шешеді, соны орындаймыз», — дейді ғимараттың басшысы Назар Жанатұлы.

Иә, «халықаралық орталық жасаймыз» деген хабардан кейін қызметкерлердің алаңдап отырғаны белгілі. Велотрек федерация тарапынан жекешелендіруге өтеді дегенімен, олар да нақты қай тұрғының қарамағына өтетінін күтіп отыр. Әсіресе, техникалық қызметкерлер жұмыстан айырылып қалмау қамын жасап жүр. Өзге де қызметкерлер «жаттықтырушы-оқытушылар құрамын дайындау және біліктілігін арттыру бойынша халықаралық аккредиттеуден өткізу» жайына да бір үміт, бір күдікпен қарайды.

Ал БАК бетінде жарияланған «кекенің қолына өткен жағдайда ол жерде велотрек қана қалып, жыл сайын 2 миллиард теңге ғана субсидия төленеді» деген пікірге министрліктен жауап ала алмадық. Мұны екі тарап келісімшарт жүргізіп жатқанымен байланыстырып көрдік. Жоғарыдағы пікірдің жалғасында тек велоспортшылар үшін мемлекеттік бюджеттен 2 млрд теңге бөлінетіні жазылған. Ал кешендегі Олимпиадалық спорт түрлерін дайындауға бюджеттен шамамен 2,8 млрд теңге бөлінеді екен. Егер бұл жазылғандар рас болса, еліміздегі велоспорттың өртені «жарқын» болары сөзсіз.

Еңбек қаналып, табыс тоналмаса...

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап құрылым өзгерген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ІІМ-нің көші-қон саласындағы функциялары мен өкілеттіктері, бос орайда елдегі адам саудасы мен «құлиеленушілікке» шенді мамандар жол беріп қойып жатқанда оның алдын алуға мына екінші органның құзыреті жете қояр ма екен?

Еркеғали БЕЙСЕН

ШЕТКЕ КЕТУДІ ШЕКТЕУ КЕРЕК

Таяуда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігін қайта ұйымдастыру туралы Жарлыққа қол қойды. Сол сөтте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне заңсыз көшіп келудің жолын кесу, заңсыз көшіп келушілердің реадмиссиясы, Қазақстаннан кетуге және Қазақстанға келуге виза беру, халықты құжаттандыру және азаматтық алу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер, босқандар мәселесінің берілетіні белгілі болды.


2012 жылдан бастап еліміздегі теріс көші-қон сальдосы өсіп келе жатқанын ескерсек, жоғарыдағы шешім «жеті рет өлшеп, бір рет кесілгенге» ұқсайды. Өйткені ІІМ өкілі Шұғыла Берікқызының айтуынша, бұл өзгерістер құқық қорғау жүйесін реформалау және ішкі істер органдарын өз құзыретіне жатпайтын функциялардан босату шаралары аясында жүзеге асырылмақ.

— Бірақ біздің министрлік елдің миграция саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін онтайландырудан хабардар болып отырады. Еңбек миграциясының шекарадан заңсыз өтуі, заңсыз келген иммигранттарды елден шығару, Қазақстан Республикасына келуге рұқсат беру мен құжаттандыру ІІМ-нің құзыретінде қала береді, — дейді ол.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бүгінде иммигранттарды «тауар» деп қарастырып, ал көші-қон процесін қауіпті құбылысқа жатқызып отырған мемлекеттер иммиграция-эмиграция қозғалыстарын жай ғана «табиғи құбылысқа» жатқызады екен. Бұл ретте былтыр Халықаралық көші-қон ұйымы жариялаған «Әлемдік миграция бойынша есепте» Қазақстан халықтың жалпы санына қатысты елден кетуші иммигранттар көрсеткіші бойынша алғашқы 20 елдің қатарына кірген. Енді мұндай үрдістің әлетке айналуы үшін бір мәселені қоғам орнанның екі жақтап өңсергені дұрыс шығар.

КҮНКӨРІСТІ ЖАҚСАРТПАСА БОЛМАЙДЫ

Тәуелсіз сарапшылар ала бағаннан әрі асушылардың артуына елдегі өршіп тұрған сыбайлас жемқорлықты, мемлекеттің жабық саясатының салдарынан болашаққа деген сенімсіздікті, әлсіз азаматтық қоғамдағы адам құқықтарының шектелуін, жұмыссыздықты, жалақының төмендігін және әлсіз экономиканы жатқызады. Олардың бірақтары қазақстандық эмиграцияның ең басты себебін негізінен



халықтың едәуір бөлігінің еңбек табысының төмендеуінен іздейді.

Мысалы, әлемнің дамыған индустриалды мемлекеті — Люксембург күнкөріс деңгейінің ең жоғары көрсеткішін беріп отыр. Ондағы өмір сүру деңгейі адам басына шаққанда жылына — 22482,9, айына 2 мың долларға тең. Содан кейінгі күнкөріс деңгейінің үздік бесігін Еуропаның Франция (айына 1 454 доллар), Германия (1 397 доллар), Финляндия (1 307 доллар), Ұлыбритания (1 103 доллар), Нидерланд (1 263 доллар) секілді экономикалық тұрақты мемлекеттер толықтырады.

Ал Қазақстан рейтинг нәтижелері бойынша, күнкөріс деңгейі ең төменгі мемлекеттердің қатарында. Жіктеп айтқанда, біздегі базалық әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеу үшін күнкөрістің ең төменгі мөлшері 34,3 мың теңгені (айына 80,08 доллар), ең төменгі жалақы деңгейі 42,5 мың теңгені (99,24 доллар) құрайды. Сондай-ақ 2021 жылғы заңға сәйкес, еліміздегі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері — 18 524 теңге, ең төменгі зейнетақы мөлшері — 43 272 теңге, айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2917 теңге болды. Әрине, мұның барлығы — күн көруге мүмкіндік бермейтін көрсеткіштер. Сол себепті Қазақстан халықтың шетке кету үдерісі бойынша ЕАЭО елдерінің арасында көш бастап тұр.

«ҚҰЛДЫҚТЫ» ЖОЙСА, ҚҰБА-ҚҰП

Біз бұған дейін биыл Қазақстанда адам саудасына байланысты қылмыс былтырғымен салыстырғанда 2 есе көп тіркелгенін жазған болатынбыз. Иә, еліміз бүгінде сол «тірі тауар» саудасының ішкі трафиімен де, сыртқы трафиімен де бетпе-бет келіп отыр. Көбіне көрініс Еңбекстан, Тәжікстан және Қырғыз елінен құрылыс, сауда-саясат сияқты әлеуметтік салаларға жұмыс істеуге келіп, құлдыққа түсіп қалып жатқан азаматтар көп. Осылайша, адам саудасы фактілерінің көші-қон үдерістерімен бірге дамитынын мониторинг жұмысының нәтижесінен көріп отырмыз. Соған орай белгілі заңгер Айгүл Орынбекке «Көші-қон саласының тізгінін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұстатқан дұрыс па?» деген сұрақ қойып көрдік.

Оның айтуынша, ірі қалалардағы жезөкшелер притондары мен сауналардың түбін қаза келгенде, оған тәртіп сақшыла-

рының қамқорлық жасап жүретіні анықталған. Сондай-ақ уәқаскелі инспектордың үйінде құлдыққа жегілген азаматтар бар. Сондықтан мемлекет көші-қон саласындағы былық-шылық пен жең ұшынан жалғасқан сыбайластықты ішкі істер органдарының құзыретін тартыту арқылы құртпақ. Сондай-ақ Айгүл Орынбек зауыт-фабрикалар жұмысына заңсыз жегіліп жүрген азаматтарға полиция қызметкерлері тексеру жүргізе алмайтынын, ал Еңбек инспекциясы ол адамның еңбекке жарамды-жарамсыз емесін анықтауға құқылы екенін алға тартты.

— Сондықтан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретіне елдегі зауыт-фабриканы түгел қаратып, адам еңбегінің бағалануын қадағалау керек. Иммигранттар келіп, жұмыс істеп жатыр. Қателеспесем, осыдан 5 жыл бұрын Тәжікстанның кісі өлтірген бір азаматы Фирдаусиден құжат алып, Алматыда оқыған. Оған көші-қон полициясының жалған құжат дайындап бергенін анықтаған едік. Сол кездерде Еңбек инспекциясы «бізде оларды тексеретін құзырет жоқ, мораторий болғандықтан, бәрін полиция шешеді» деген сылтау айтатын. Ал «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» дегенге келсек, біз шын мәнінде адам құқығы қорғалмаған мемлекетте өмір сүріп жатырмыз, — дейді ол.

ТҮЙІН:

Полицияның жезөкшелерге қалқан болып, «құл жұмысқа» әдетке айналдыра бастағанына. Ол мәселе АҚШ Мемлекеттік департаментінің баяндамасында да айтылды. «Қазақстанда жезөкшелік пен әйел саудасы — өзекті мәселе. Бұл іске жергілікті құқық қорғау органдарының өкілдері қамқорлық көрсетеді» делінген онда. Сонымен қатар қазақстандық ҰЕҰ өкілдері де адам саудагерлері жауапкершіліктен жалтару үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне пара беретінін, тіпті кей полиция қызметкері мәжбүрлі еңбек пен жыныстық қанаушылық қылмыстарына «бас-көз» болатынын айтып, дабыл қаққанды. Кейін прокурорлар заңсыз көші-қон фактілерінің алдын алуы осы салаға жауапты мемлекеттік органдардың заңсыздықтарды әшкереулен бастауға қонды. Енді, міне құқық қорғау жүйесін реформалау шаралары Еңбек инспекциясына да пәрмен бере ме, жоқ па, оны уақытында көрерміз.

Үш держава назарындағы Қазақстан

(Басы 1-бетте)

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Автор Қазақстанды АҚШ-тың тек мұнай, газ, бұрғылау құрылғылары, басқа да тауар саласындағы сауда әріптесі ғана емес, саяси байланысты да берік орнатқан мемлекет ретінде сипаттайды. Мысалы, 2012 жылдан бері екі ел арасында Стратегиялық даму жөніндегі комиссия аясында саммиттер өтеді. Салыстырмалы түрде айта кетсек, Вашингтон Өзбекстанға 5 жыл жүргізілген реформадан соң 2021 жылы ғана аталған комиссияны құру туралы уәде берді. Тек уәде, әлі құрылған жоқ. Сондай-ақ АҚШ Конгресінде Қазақстан кокусы жұмыс істейді. Бұл Конгресте бір елдің мүддесін қорғайтын саяси отырыстар. Бұл да аз жетістік емес. Сондай-ақ АҚШ Орталық Азияда өзгелерге қарағанда Қазақстан азаматтарына көбірек виза береді. 2003ж бері НАТО-мен «Дала қыраны» әскери оқу-жаттығу өтеді. АҚШ 2004-2019 жылдар аралығында казак еліне 43 млн доллардың қару-жарағын жеткізген. Егер АҚШ Ауғанстаннан шығып бара жатқанын ескерсек, онда Вашингтон бұл байланысты нығайтуға тырысады. Өйткені Ауғанстанмен қатынасты үзеу үшін Орталық Азияда сенімді серік керек.

Автор Темур Умаров осы фактілерді келтіре отырып, Қазақстан АҚШ-пен жан-жақты қатынас орнатқанын, байланыс бір саламен шектелмегенін және көрші елдермен салыстырғанда Нұр-Сұлтан мен Вашингтон арасы анағұрлым алға кеткенін жазады.



Мақалада Қазақстан басшылығы АҚШ-пен қарым-қатынасты жоғары деңгейге шығару арқылы Ресей мен Қытай мүддесінің тепе-теңдігін сақтап отырғаны айтылады. Себебі жыл өткен сайын екі ел тарапынан казак еліне саяси қысым артып келеді. Мысалы, былтыр көктемде Қытайда «Қазақстан неге Қытайға оралмақ?» деген мақала кең таралды, онда казак жерінің жартысы қытайдікі деп көрсетілген. Қазақстан Сыртқы істер министрлігі Қытай елшісін шақыртқан соң ғана дау басылды. Алайда Ресей мұндай жанама қадамдармен шектелмейді. Тіпті, Қазақстанның егемендігіне күмән келтіреді. Ресейлік депутаттар казак жерінің тұтастығына қарсы пікірлер айтты. Ал В.Путин 2014 жылы «бұрын казактарда мемлекетшілік болған емес» десе, кейін «орыс халқы жер таратып, көршілеріне үлкен сыйлық жасады» деген

болатын. Әрине, мұның барлығы Қазақстан тәуелсіздігіне жасалған шабуыл. Сондықтан Мәскеуге кіріптар болмау үшін АҚШ-пен байланыс нығая береді.

Автор материалда мұндай саяси қысымға Қазақстанның қазіргі басшылығы дипломатиялық сабырлық сақтай отырып, дер кезінде жауап қайырғанын жеткізеді. Мысал ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз мақаласында «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді» деген сөзін келтіреді. Сондай-ақ Темур Умаров Қазақстан халықаралық даулы мәселелерде қиын да болса, бейтараптық танытып, саяси блоктарға мүше болудан бас тартып отырғанын жазады. Мәселен, Қазақстан

Қырымды Ресей территориясы деп ресми мойындаған емес, бірақ сонымен бірге Президент Тоқаев болған жайтты аннексия деп те атамайды. Бұдан бөлек, Ресейдің контрракцияларына қосылмайды, өйткені «Батыстың санкциялары ЕурАзЭО мүшелеріне емес, бөлек мемлекеттерге салынды» деп түсіндіреді немесе Қытайдың Шыңжаң аймағында жүргізіп отырған қатан саясатын ашық сынға алмайды. Бірақ Бейжіңнің бұл аймақтағы әрекеттерін қолдайтын құжатқа Ресей секілді қол қоймайды, казак-қытай шекарасын заңсыз өткендерге босқын мәртебесін береді. Автор осы мысалдарды келтіре отырып, Қазақстан басшылығының жанжалдарды айналып өтіп отырғанын көрсетеді.

Материалда ерекше назар аударылған мәселе – АҚШ, Ресей және Қытай арасындағы қарама-қайшылықтың өршуі және әртараптың Қазақстанға өзіне жақтас ретінде шақыруы. Дегенмен Қазақстан басшылығы қиын да болса, әлі де өзінің саяси бейтараптығын сақтап қалуға бар күшін салуда, себебі ірі ойыншылардың блокадалық жанжалына араласу – сау ба-сына сақина тілеумен тең. Екінші жағынан, үш державаның ешбіреуі Қазақстанды өзіне қарай «тартып алатындай» ықпал ету ресурсына ие емес. Яғни, казак елі өзі де өзінің саяси, экономикалық, әскери, дипломатиялық байланыстарын тәуелсіз жүргізуге қабілетті.

Сонымен, бұл материалға өзіміздің бағамымыз берсек. Жалпы, Мәскеудегі Карнеги орталығын бір сарапшылар АҚШ-тан қаржыландырылған соң батыс-шыл деп айыптаса, басқалары 2012 жылдан кейін путиншіл бола бастады деген сын тағады. Ал жалпы мақала Қазақстанның

күрделі геосаяси жағдайында державалар мүддесінде баланс сақтап, өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын сәтті жүргізіп отырғанын сипаттаған.

Бұл шындыққа жанаса ма? Иә, жана-сады. Елбасы Н.Назарбаев кезінде жасакталған сыртқы саясат стратегиясын Президент Тоқаев бүгінде одан әрі жалғастыруда. Өйткені бұл уақытпен тексерілген бағыт және о баста аталған саясатты жүзеге асырушылардың бірі өзі болды.

Ал мақалада автор жазғандай, соңғы уақытта үш державаның мүддесін тең ұстау Қазақстанға қиын болып бара ма? Иә, ол анық сезіледі. Біз еуразиялық интеграцияға мүше болғалы, 2014 жылы Ресей Қырымды аннексиялаған соң, Қытай Шыңжаң мұсылмандарына «қайта тәрбиелеу лагерлерін» соғып, олардың құқығын таптаған соң, АҚШ Ауғанстаннан әскерін шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін бейтарап болу күрделене түсті. Өйткені Батыстың экономикалық санкциялары, Қытай мен Ресейдің заңсыз шешімдеріне баға беру Қазақстанға жанама түрде болса да қатысты. Егер олардың біреуін қолдасақ, онда автоматты түрде қалған екеуіне қарсы шыққандай боламыз. Алайда жоғарыда сипатталған «өзгиді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын» стратегия жемісін беріп келеді.

Ол неден байқалады? Қазақстан өлі ешбір елдің санкциясы, контрракциясына ілінген жоқ, ешбір ел Қазақстанды қара тізімге енгізген жоқ, елшілерін шақыртып алмай, сауда-саттық айналымы жыл сайын өсіп келеді, президент, министр деңгейінде тұрақты кездесулер, саммиттер өтіп тұрады. Яғни, ірі державалардың қысымы, мүддесі қаншалықты ықпалды болса да, олармен тең қатынас орнату, олардың тепе-теңдігін сақтау мүмкін. Көпвекторлы сыртқы саясат бұл орайда тиімді стратегия болып есептеледі.

ТҮРКИЯ мен ӘЗЕРБАЙЖАН ортақ армия құра ма?



Соңғы күндері бірқатар ақпарат құралдарында Түркия мен Әзербайжанның ортақ армия жасақтауға келіскені жайлы мәліметтер жарияланды. Әсіресе, орыс тілінде ақпарат тарататын медиа бұл ақпаратты жалаулатып-ақ жатыр. Шынымен солай ма?

Амангелді ҚҰРМЕТ

БІР ХАЛЫҚ, ЕКІ МЕМЛЕКЕТ

Негізі, Түркия мен Әзербайжанның кейінгі жылдары өте тығыз қарым-қатынас орнатқаны баршаға белгілі. Әсіресе, Анкара мен Бакудің ынтымақтастығы былтыр Қарабақ үшін болған соғыста анық байқалды. Түркияның әскери оқу орындарында оқыған офицерлер әскери бөлімдерді басқарып, Қарабақтағы операцияда түрік генералдарының әзербайжан қолбасшыларына кеңес бергені де жасырын емес. Одан бөлек Әзербайжан армиясындағы түрік инженерлері жасаған пилотсыз ұшатын қондырғылар соғыста шешуші рөл атқарғаны да есте. Бәлкім содан ба, жоқ әлде кейінгі кездері Түркия мен Әзербайжанның бірлескен әскери оқу-жаттығуларға көбірек көңіл бөлгеннен бе, әйтеуір 27 шілдеден бері «екі мемлекет бірлескен армия құрады екен» деген қауесет желдей есіп тұр. Ал оған Түркия Ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Мұстафа Шентоптың Бакуге жасаған сапарында айтқан бір сөзі себеп болғанға ұқсайды. Саясаткер журналистердің «Екі мемлекет бірлескен армия құруы мүмкін бе?» деген сауалына «Әзербайжан мен Түркия көптеген келісімге келді. Олардың арасында әскери көмек пен қорғаныс өнеркәсібі саласындағы келісімдер де бар. Осы келісімдер аясында көптеген зерттеу жасалып, екі елдің бірлескен оқу-жаттығулары өтіп жатыр. Бірақ біздің негізгі ұранымыз, Гейдар Әлиев айтқандай «бір халық, екі мемлекет». Бұл бағытта көптеген жұмыс істеліп жатыр» деп жауап берген. Яғни, М.Шентоп бірлескен армия жасақталатыны туралы ашық айтқан жоқ. Тек Г.Әлиевтің әйгілі сөзін ғана алға тартты. Алайда орыс тілінде ақпарат тарататын масс-медиа саясаткердің сөзін өздеріне жорығанға ұқсайды. Ал түрік және әзербайжан ақпарат құралдары, тіпті батыс медиасы да «ортақ армия құрылғалы жатқаны» жайлы бірде-бір мәлімет таратпады. Керісінше, әзербайжан масс-медиясы М.Шентоп айтты делінген сөздің жалған екенін де алға тартты. Демек, түріктер мен әзербайжандар арасында кенінен тараған «бір халық, екі мемлекет» дейтін қанатты сөздің астарына үнілгендер сирек болып тұр. Іс жүзінде Г.Әлиевтің бұл сөзі екі халықтың қаншалықты жақын екенін сипаттау ғана еді. Оны бірқатар масс-медиа өкілдері тура мағынасында түсінсе керек.

БҮЛ ИДЕЯ БҮРЫН ДА АЙТЫЛҒАН

Негізі, қоғамда «Туран одағы», «түркітілдес елдердің бірлескен армиясы» тәрізді ақпараттардың талқыланып жүргеніне біраз болды. Мұндай қауесеттердің тарауына кейде түркітілдес елдердің белсенділері себепші болса, кейде Ресейдің саясаткерлері ықпал етеді. Айталық, 2020 жылғы тамызда Әзербайжанның «Ұлттық қайта түлеу» партиясының төрағасы Фарадж Гулиев ортақ қорғаныс күштерін құру идеясын көтергені бар. Ол «Ортақ қорғаныс күштерін құруымыз керек. Бірлескен армия жасақтайтын уақыт келді. Егер Түркия барлық техникасын, қару-жарағын, дрондарын, қорғаныс өнеркәсібін

Әзербайжанға беретінін айтқан болса, біз де барлық тізгінді оларға беріміз керек» деген еді. Ал ресейлік саясаткер В.Жириновскийдің «Ердоған Туран армиясын жасақтамақ ниетте» деп байбалам салғаны да бар. Сөйтіп, осындай мәліметтер масс-медиада «Түркия және Әзербайжан бірлескен армия жасақтағалы жатыр» дейтін қауесеттердің таралуына алғышарт қалыптастырса керек. Әйтпесе, Баку мен Анкара бірлескен жаттығулардан әріге барған жоқ. Әрине, өзара әскери-техникалық көмек, көптеген мәселеде ұдайы бір позиция ұстану қос мемлекет үшін қалыпты құбылысқа айналған. Бірақ ортақ армия құру түгілі қандай да бір ресми одақ құру жайлы да әзірге ешқандай келіссөздер жасалған жоқ. Демек, ресейлік масс-медиа таратқан мәліметтер түркітілдес елдер интеграциясын милитарлық бағытта сипаттаудан басқа ештеңе емес. Тіпті, Орталық Азиядағы түркі халықтарына «Анкара мен Баку сендерді Туран одағынан ығыстырып тастады» дейтін месседжде де ұқсап кетті. Алайда іс жүзінде Түркия мен Әзербайжанның бірлескен әскери оқу-жаттығулары, өзара тығыз қарым-қатынасы түркі интеграциясына ешқандай да кері әсер ете қоймайды.

ӘСКЕРИ ОДАҚ ҚҰРЫЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Әрине, масс-медиада бауырлас екі мемлекеттің ортақ армия жасақтағалы жатқаны жайлы қауесеттің тарауы «Түркітілдес елдердің әскери одағы құрыла ма?» дейтін сауалды да күн тәртібіне шығарары анық. Біздің пайымдауымызша, түркі интеграциясы әзірге мәдени-гуманитарлық бағыттан ауытқи қоймайды. Әрине, одан соң сауда-экономикалық бағытта айрықша мән берілуі мүмкін. Қандай да бір саяси, әскери одақ құрылатыны туралы әзірге айту ертерек. Тек антикоррупциялық құрылымдар арасындағы байланыстар тереңдетіліп, технология алмасу жағына көңіл бөлінуі мүмкін. Айталық, түркітің Aselsan, Otogar тәрізді қорғаныс өнеркәсібіне маманданған кәсіпорындарының Қазақстанмен ынтымақтастық орнатқаны тәрізді қадамдар болуы мүмкін, одан әріге бара қоймайды. Рас, 2013 жылы Түркия, Әзербайжан, Қырғыз Республикасы мен Моңғолия «Әскери мәртебесі бар құқық қорғау органдарының Еуразиялық ассоциациясы» дейтін ұйым құруға талпынған. Төрт мемлекет атауының бас әріптерінен құралған ТАКМ дейтін шартты жоба әлі де пысықталып жатыр. Оған, тіпті Қазақстан да қосылуы мүмкін екені сөз болған. Бірақ бұл ұйым алам саудасы, терроризм мен есірткі саудасына қарсы күрес тәрізді міндеттерді орындайтыны айтылған. Кейбір сарапшылар әскери мәртебесі бар құқық қорғау ұйымдарының төрт мемлекеттегі жеке құрамының саны 2 млн 800 мыңға жететінін алға тартқан. Әзірге бұл жоба ғана. Алайда жоба дегеннің өзінде мұндай ұйым құру күрделі халықаралық келіссөздерден кейін ғана жүзеге асатын дүние. Біріншіден, Түркия НАТО-дағы одақтастарының «алдынан өтуі» керек. Қырғыз Республикасы ҰҚШҰ-дағы «ағалардың» «батасын» алуы тиіс. Әзербайжан мен Моңғолия «Қосылмақ қозғалысы» деп аталатын 120 мемлекеттен құралған әскери блоктарға қосылмау ұйымына да өз уәждерін айтуы тиіс. Демек, ТАКМ-ды құру қаншалықты қиын болса, Әзербайжан мен Түркияның әскери одақ құруы да соншалықты күрделі процесс. Сондықтан «Туран армиясы жасақталады» деген уәж жуық арада орындалуы неғайбіл, «арман» күйінде қала бермек.

Қазақстан да Олимпиада өткізбек болған. 2011 жылы Туризм және спорт министрі Т.Досмұхамбетов еліміздің 2022 жылғы қысқы Олимпиялық ойындарды өткізуге дайын екенін мәлімдеді. Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК) президенті Жак Рогге осыған қазақ елінің әлеуеті жеткілікті деп бағалапты. Ақыры 2013 жылғы тамызда ХОК-ке Алматы бірінші болып, ресми өтінім ұсынды. Дегенмен 12 елді артқа тастап, келесі жылғы XXIV қысқы Олимпиаданы өткізу құқығын Қытай жеңіп алды. Шың елінен Қазақстан бар-жоғы 4 дауысқа (44 және 40) қалып қойды. Жалпы, жаһандық осы доданы өткізу қанша тұрады, тиімді ме?

Олимпиада өткізудің пайдасы бар ма?

ОЛИМПИАДАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛУ – БЕДЕЛІГЕ НҰҚСАН

Сарапшылардың байламынша, бүгінде Токиода өтіп жатқан Олимпиада тарихтағы ең сәтсіз әрі ең шығындысы болатын түрі бар. Әлемдегі біраз елдің көшбасшысы, тіпті Toyota, Fujitsu, Panasonic секілді көптеген ірі жапон компаниясының басшылары жазғы Ойыншылардың ашылу салтанатына қатысудан бас тартты. Олар көрерменсіз өтетін олимпиада жергілікті халықтың қолдауын иеленбегенін алға тартқан. Жапония жұртшылығы оның өтуіне қарсы екенін танытып, наразылық шерулерін ұйымдастырды. Олимпиаданың ең ірі демеушілері Toyota мен Bridgestone онымен байланысты жарнамаларын паш етуден бас тартты. Себебі халықтың құрметі мен қолдауына ие болмаған Олимпиялық ойындар олардың өнімдерінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Bloomberg-тің хабарлауынша, жапондардың көбісі індет өршіп тұрғанда аса қымбат турнирден мүлдем бас тарту керек еді деп санайды. Токионың өзінде коронавирустың таралуы жалғасып жатыр. Төрткүл дүниенің ең түкпірінен қаптап келген спорт және ресми делегациялар мутацияланған инфекция түрлерін елге әкелуі мүмкін деген пікір кең жайылған. Спортшылардың біразынан КВИ анықталды. Оның үстіне, жаһандық жарыстар өткізу кезінде төтенше жағдай жарияланды.

Бұл Олимпиада – көрерменсіз өткен тарихтағы тұңғыш ойындар. Бастапқыда Жапония билігі шетелдік жанкүйерлердің келуіне тыйым салу туралы шешім қабылдаған. Ізінше стадиондарды жергілікті жұртшылық үшін де жауып тастады.

Financial Times дерегіне, демеушілер Токио Олимпиадасына 3 миллиард доллардай ғана қаражат бөліпті. Тісінше, бұл олимпиялық қозғалыстың дамуындағы соны бетбұрысқа айналуы ықтимал. Себебі уақыт өткен сайын әлемде Олимпиада өткізу шығындары еселеп өсіп барады. Демеушілердің осы сайыстарға зор қызығушылығы әрі белсенді қаржыландыруы арқасында мемлекеттің кез келген шығыны өтелетін. Егер Олимпиаданы демеушілер теріс айнала бастаса, ойындарға сонша шығын шығаруды құптамайтын тұрғындардың қарсылығы күшейсе, өзінде оны өткізуге құлықты елдер саны да сирейуі мүмкін.

ОЛИМПИАДА ӨТКІЗУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Жапонияның Наганосындағы 1998 жылғы қысқы Олимпиада 1994 жылы Норвегияның Лилехаммеріндегі Олимпиаданың 10 есе қымбатқа түсті: норвегтер – 1,3 миллиард, жапондар 14,6 миллиард доллар шығынды.

1960 жылы Италияның астанасы Римде өткен жазғы Олимпиадаға бар-жоғы 145 миллион доллардай қаражат жұмсалыпты. 1980 жылы 13-24 ақпанда АҚШ-тың Лейк-Плэсидіндегі ХІІІ қысқы Олимпиялық ойындар 373 миллион доллар қаржыны ғана қажет етті.

1992 жылы Альбервилде өткен ХVІ қысқы ойындар Францияға шамамен 2,8 миллиард долларға түсті. 1968 жылы Гренобльдегі Олимпиаданы француздар барынша арзандатып, небәрі 1,9 миллиард доллардай бағыттады. Алайда Мюнхендегі 1972 жылғы жазғы ойындар құны 3,3 миллиардқа дейін қымбаттаған. 2010 жылы Канаданың Ванкуверіндегі Олимпиада 5 миллиард доллар межесінен асты.

2012 жылғы Лондон Олимпиадасының шығыны шамамен 13,6 миллиард доллардай болды.

2014 жылы Сочидегі қысқы Олимпиадаға Ресей әртүрлі бағалаулар бойынша 25-40 миллиард доллардай шығын шығарды. Бұл әлем тарихындағы ең қымбат ойындар саналып келген. Өйткенмен 2015 жылы тексеру жүргізген РФ Есеп палатасы қаланы абаттандыру шараларын қоспағанда, Сочи де стадиондарды, спорт және қосалқы объектілерді салуға, уақытша инфрақұрылымды тұрғызуға, сондай-ақ қысқы Олимпиада және Паралимпиялық ойындарды дайындап, өткізуге небәрі 325 миллиард рубль (сол кездегі бағам бойынша 4,8 миллиард доллар) шығындалғанын

жариялады. Оның тек 104 миллиард рубль бюджеттен бөлінген. Қалған 221 миллиард жеке инвестициялар құрады. Әлінің айту керек, солтүстік көрші жаһандық доланы өткізуге бастапқыда тек 214 миллиард рубль (оның 100 миллиарды – бюджеттен) жұмсауды жоспарлапты. Сочи ойындарын өткізуден Ресей 85,4 миллиард рубль табыс көрді (соның ішінде ХОК оны ұйымдастыруға 833 миллион доллар бөлген). Бұл о баста жоспарланған табыстан 2 есе көп болғанымен, Олимпиада көршіге бәрбір қаржылық пайда әкелмеді.

Ресейдің экономика ғылымдарының докторы, белгілі эксперт Игорь Николаевтың бағалауынша, Сочи Олимпиадасы өте шығынды болды.

«325 миллиард рубль ресми шығынға инфрақұрылымға жұмсалған қыруар шығыс кірмей қалды. Оны қосса, Сочи Олимпиадасына шамамен 1,6 триллион рубльден артық (25 млрд доллар) шығын жұмсалды. Олар бюджеттен, мемкомпаниялардан, шетелден кредит түрінде алынды және әлі күнге өтеліп жатыр. Сол кезде жарыстар үшін салынған нысанның көбісі қазір пайдаланусыз, жабық тұр. Сонда салынған жүзеген шақырын жол бірер жыл өте қайта төселді, жанартылды», – дейді сарапшы.

Спорт делегациялары, туристер үшін теңіз жағалауынан тау кластеріне, «Красная Полянаға» апаратын жеке теміржол тұрғызылған. Алайда ойындар аяқталған соң, 285 миллиард рубль шығындалған мега-жоба – туристік теміржол желісі құрынысқа ие болмай, тоқтап қалған.

БІР САЙЫСТЫ ӨТКІЗУ ҚҰНЫ – 22,4 МЛН ДОЛЛАР

Осыған дейінгі ХХХІ жазғы Олимпиада 2016 жылғы 5-21 тамыз аралығында Бразилияның Рио-де-Жанейросында өткені мәлім. Reuters ақпараттыңша, осы елдің Олимпиялық мұра федералдық агенттігі (AGLO) Рио-де-Жанейро Олимпиадасын ұйымдастыруға кеткен шығынды 43,3 миллиард реалға (\$13,2 млрд) бағалады. Яғни, шығындары бастапқыда жоспарланған 28,8 млрд реал (\$8,8 млрд) бюджеттен 4,4 млрд долларға асып кетті. Бразилиядағы жаһандық жарыстар да шығынды болды.

Ал Токиодағы Ойындар шығындылығы жөнінен оны да артқа тастайтын түрі бар. The Wall Street Journal жазуынша, Жапония 2020 жылғы Олимпиаданы ұйымдастыруға жалпы саны 25 миллиард доллар шығын шығарды. Спортшыларға қауіпсіз орта түзу үшін ғана 900 миллион доллардан артық қаражат кетіпті.

Биылғы 20 шілдеде ХОК-тың 138-сессиясында Токио-2020 ұйымдастыру комитетінің бас хатшысы Тосиро Муто Жапония үкіметі мен Токио үкіметі жазғы ойындарды ұйымдастыруға 15,4 миллиард доллар бағыттағанын мәлім еткен. Олимпиада бір жылға кері шегерілгенде оның бюджеті өсірілген. Өйткенмен жапон аудиторлары журналистерге Олимпиаданың жалпы шығысы 20 миллиард доллардан асқанын хабарлады.

ХОК 2020 жылы жариялаған Олимпиялық ойындар құнына қатысты зерттеуге жүгінсек, мұндай халықаралық іс-шараны өткізудің орташа құны 12 млрд долларға түспек. Алайда спортпен байланысты емес жалпы шығыстары бұдан бірнеше есе артады.

Жазғы Ойындарда 1 ғана спорт түрі бойынша жарысты ұйымдастырудың орташа құны – \$22,4 млн, қысқы ойындарда \$39,2 млн доллар тұрады.

Қорыта айтқанда, Олимпиада – аса қымбат жоба. Қазіргі уақытта оның шығыны өзін-өзі өтемейді. Рас, оның саяси, экономикалық пайдасы жоқ емес. Осындай әлемдік аламан өткеннен кейін туризм дамды, ол қаланың танымалдығы артады. Бірақ бұған өзге іс-шаралармен және бастамалармен де қол жеткізуге болады.

Елдос СЕНБАЙ

Ауыл әкімдері – мемлекеттік жүйенің іргетасы

25 шілде күні Қазақстанда аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауыл округі әкімдерін тікелей сайлау өтті. Халық таңдауын жасады, өзі қалаған кандидатына дауыс берді. Қарағанды облысы бойынша барлығы 75 ауылдық округ әкімі сайланды. 257 үміткер бағын сынады. Саяси партиялар тарапынан да, жекелеген азаматтар жағынан да қызығушылық өте жоғары болды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Кеше сайлау қорытындысы бойынша жеңіске жеткен, жанадан сайланған әкімдермен Қарағанды облысының басшысы Жеңіс Қасымбек онлайн форматта кездесті.

— Елбасымыз қоғамды демократияландыру, өзін-өзі басқару институттарын жетілдіру мәселесіне ерекше көңіл бөліп келді. Оның ішінде, жергілікті әкімдер сайлауына баса назар аударып, 2013 жылы пилоттық жобадан сайлау өтті. Мемлекет басшысы

жана ша қарауға көмектеседі. Ауыл әкімдері — барлық мемлекеттік жүйенің іргетасы, — деген Жеңіс Қасымбек халық сеніміне ие болып, жеңіске жеткен ауыл әкімдеріне жауапкершілігі мол жұмыста сәттілік тіледі.

Кездесу барысында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ерқара Аймағамбетов өткен сайлауға тоқталды. Сайлау округтері бойынша сайлаушылар тізіміне 81 540 азамат енгізілсе, оның 61 846 (75,85%) дауыс беруге қатысты. Әкімдікке кандидаттар саны — 257 адам. Барлық 75 сайлау округінде әкімдер сайланды. «Nur Otan» партиясынан — 56 адам, «Ауыл» ХДПП — 3 адам, «Ақ жол» ҚДП — 1 адам, АДАЛ СП — 1 адам, өз-өзін ұсынған — 14 адам әкімдік міндетіне кірісіп кетті.

Жиында «Nur Otan» партиясының мүшесі, Бұқар жырау ауданы

Шешенқара ауылдық округінің әкімі Гүлден Мұқанова:

— Алдымен, сенім білдіріп әкім ретінде таңдаған ауыл тұрғындарына алғысымды білдіремін. «Nur Otan» партиясының басты мақсаты — халықтың әлауқатын арттыру, осы орайда барлық күшімізді ауылмызда жана жұмыс орындарын құру үшін жұмсаймын. «Ауыл — ел бесігі» есебінен аудандық және жергілікті маңызы бар тасжолдарға жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысамын. Мектепте жаңа модификация кабинеттерін жабдықтауды қолға алмын. Ауыл — асыл қазына. Оны қорқыту, дамыту біздің қолымызда, мойнымызға үлкен жауапкершілік жүктелді. Сондықтан, ел сенімін ақтауға бар күш-жігерімізді саламыз, — дейді.

Енді Абай ауданының Қарағанды ауылдық округінің 26 жас-

тағы Владислав Кирей басқарады. Ол — ең жас әкім.

— Ел тарихында алғаш рет ауыл тұрғындары әкімдерді сайлады. Бұл демократия мен жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын көрсетеді. Бұл сайлау жастардың басқарушы ретінде өз күшін сынап көруге барлық мүмкіндік бар екенін көрсетті. Қызметке кірісте отырып, тәбей адамдардың өмірінің жақсаруына және округтің дамуына байланысты болатынын түсінемін, — дейді Владислав Кирей.

Сонымен қатар жаңа сайланған «Ауыл» партиясының мүшесі Осакаров ауданы Қаратомар ауылының әкімі Ержан Найманбай, АДАЛ партиясының өкілі Абай ауданы Южный кентінің әкімі Исламбек Жумалинов, «Ақ жол» партиясы мүшесі, Ұлытау ауданы Ақтас кентінің әкімі Дулат Сүлейменов, Ақтоғай ауданы Шашубай кентінің әкімі өз-өзін ұсынған

Данияр Серіков сайлаушыларына алғыс білдіріп, сенімнен шығатындарын айтты.

Жеңіс Қасымбек әкімдердің өздерін сайлаған халықтың алдындағы ерекше жауапкершілігіне назар аударып, аудан, қала және облыс әкімдерінің оларды толық қолдап, қоян-қолтық жұмыс істейтінін баса айтты.

— Ауыл — алтын бесігіміз. Ауыл — атамекеніміз. Ауылдың гүлденуі — мемлекетіміздің өсіп, өркендеуінің кепілі. Ел экономикасында ауыл шаруашылығының алатын орны ерекше. Кез келген азамат үшін ел сенімін, халықтың үмітін ақтаудан асқан жауапкершілік жоқ. Халыққа, мемлекетке қалтқысыз қызмет қылу, адал еңбек ету — ең басты борышымыз, абыройлы міндетіміз, — деп қорытындылады аймақ басшысы алқалы жиында.

Қарағанды облысы



Арыстағы жарылысқа кінәлілерге үкім шықты

Шымкент қаласының аумағында орналасқан 35 748 әскери бөлімінде Арыс қаласындағы қару-жарақ қоймасынан шыққан жарылыстар бойынша сот үкімі оқылды. Жарылысқа қатысы бар деген 16 адамға айып тағылды. Олардың алды 10 жыл арқаласа, тағы төртеуі шартты түрде бас бостандығынан айырылған. Ал Арыс қаласының 1 500-ге жуық тұрғыны жәбірленуші ретінде танылған.

Назгүл НАЗАРБЕК

Алайда жабық есік жағдайында өткен сот процесіне тілшілер қатыстырылмады. Сот отырысы айтылған уақыттан екі сағат кешігіп басталды. Қылмыстық іс 550 томнан тұрса, 1 473 жәбірленуші тіркелген. Айтып өткеніміздей, айыпталушылар — 16 адам. Сот процесі аяқталып, айыпталушыларға үкім оқылып біткен соң сыртқа шыққан жәбірленушілер мен айыпталушыларды қорғаушылардан сұхбат алдық. Келіншегіміздің 8, өзіміздің дене мүшесінің 3 аймағы зақымданды. Әлі күнге дейін массаж барамыз. Жарылыс болған аймақта пәтер жалдап тұратын едік. Оқиға болған кезде қолымда 2 жасар қызым болған. Ол да қазірге дейін қатты дауыс естисе, жата қалып жылайды. Жағдайымызды сұрап келген пенде жоқ. Пәтер жалдап тұрып жатырмыз. Біз отбасымызды осындай халге жеткізгендіктен, моральдық шығын сұраймыз. Денсаулық керек, ем алуымыз қажет. Сотты күтіп, үміт артып жүргенімізге екі жыл болды. Бірақ бүгінгі сот отырысында бізге қатысты ешнәрсе де айтылған жоқ. Иә, жәбірленуші ретінде шақырылдык, бірақ ешкімнің бізбен шаруасы болған жоқ. Сотталушыларға үкім оқыды, бітті», — дейді жарылыстан зардап шегуші.

Жәбірленушілердің барлығы

да дәл осылай сот үкіміне риза емес екенін білдіріп жатты. Екі жылдан бергі үміттері құл-талқан болған. Бірі үйінен, екіншісі денсаулығынан айырылған. Сот отырысында шығынды өтеу бойынша ешқандай мәселе көтерілмеген.

Сонымен қатар байқауымызша сотталушылардың ешқайсысы да шешімге көңілі толмаған. Оны қорғаушылардың апелляцияға шағымданамыз деп отырғанын байқауға болады. Адвокат Бекжан Нұрмағанбет жарылыстың қолдан жасалмағанын, оның неден болғанын да әлі ешкім білмейтінін айтып өтті. «Нақты дәлел жоқ, сараптаманы тексеру керек. Жарылыс салдары мұқият тексерілмеген» дейді ол. Осылайша екі тарап та сот үкіміне көңілі толмайтынын едәліп келе жатырмыз. Мына баламның кеудесінде оқ қалдықтары әлі тұр. Аяғының еті жұлынып кеткен, балтырының еті жоқ. Түнімен ауырып шығады. Емделіп тұруы үшін мүгедектікке құжат тапсырған едік, комиссия құптамай қойды. Келіншегіміздің 8, өзіміздің дене мүшесінің 3 аймағы зақымданды. Әлі күнге дейін массаж барамыз. Жарылыс болған аймақта пәтер жалдап тұратын едік. Оқиға болған кезде қолымда 2 жасар қызым болған. Ол да қазірге дейін қатты дауыс естисе, жата қалып жылайды. Жағдайымызды сұрап келген пенде жоқ. Пәтер жалдап тұрып жатырмыз. Біз отбасымызды осындай халге жеткізгендіктен, моральдық шығын сұраймыз. Денсаулық керек, ем алуымыз қажет. Сотты күтіп, үміт артып жүргенімізге екі жыл болды. Бірақ бүгінгі сот отырысында бізге қатысты ешнәрсе де айтылған жоқ. Иә, жәбірленуші ретінде шақырылдык, бірақ ешкімнің бізбен шаруасы болған жоқ. Сотталушыларға үкім оқыды, бітті», — дейді жарылыстан зардап шегуші.

Шымкент гарнизоны әскери сотының баспасөз қызметі 2019 жылы болған Арыс қаласындағы қару-жарақ қоймасынан шыққан жарылысқа қатысты қылмыстық істі қарауды аяқтағанын хабарлады. Осынау жарылыстың салдарынан 3 адам қайтыс болып, 30 адам түрлі жарақат алған.

Прокурорлар айыпталушыларға 4 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды және азаматтық талаптарды қарауысыз қалдыруды сұраған. «Жәбірленушілердің көпшілігі істің шешімін соттың қарауына қалдырды. Айыпталушылар мен адвокаттар айыпталушыны ақтап, қылмыстық істі тоқтатуды сұрады. Әскери бөлім басшылары қызметке салғырт қарады (ҚК 453-бабы, 2-бөлігі), яғни қызметтік міндеттерін орындау барысында бақылау шараларын қадағаламай оқ-дәрілермен жұмыс істеу барысында заңсыздықтарға жол бергені үшін кінәлі деп танылды», — деп хабарлайды баспасөз қызметі.

Техникалық қауіпсіздік құралдарын орнатуға бөлінген бюджет қаражатын жымқырғаны үшін (Қылмыстық кодекстің 189-бабы, 4-бөлігі, 2-тармағы) аудандық жедел бөлім басшылығы мен әскери бөлім командирі 7 және 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Оларға бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік секторда лауазымдарды иелену құқығына өмір бойына тыйым салу бойынша тағы қосымша жаза тағайындалған. Жөндеу жұмыстарын жүргізген меншік иелері мен мердігерлердің арасындағы даулардың болуына байланысты азаматтық сот ісін жүргізу кезінде шағымдану құқығынан бас тарту арқылы азаматтық талаптар қараусыз қалдырылған.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ. Онымен келіспеген жағдайда тараптар жоғары сатыдағы сотқа шағым түсіруге құқылы. «Қатысушылардың көптігін және тиісті сот отырысы залының қажеттілігін ескере отырып, сот істі қауіпсіз аймақта — әскери бөлімде қарады, оның аумағына азаматтарды қабылдау оның рұқсатымен ғана мүмкін болады. Сот үкімін жариялауға техникалық мүмкіндік пен онлайн байланыс ұсынылған жоқ», — дейді баспасөз қызметі.

Айта кетейік, Арыстағы жарылысқа байланысты сот отырысы 2020 жылдың 11 маусымында басталған. Биыл қаңтарда сот «қылмыстық істегі кемшіліктерді жою және іске қатысы бар басқа да адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін» істі прокуратураға қайта тергеуге жіберген еді. Ал 12 сәуірде Шымкент гарнизоны соты істі қайта қарай бастаған.

2019 жылдың 19 маусымында Арыстағы әскери бөлімдегі оқ-дәрі сақталған қойма жарылып, елде үлкен дүмпу болғаны баршамаызға белгілі. 40 мың адам қауіпсіз жерге көшіріліп, 8 мыңға жуық тұрғын үй зақымданған болатын.

Енді әскери соттың шешіміне көңілі толмаған жәбірленушілер азаматтық сотқа, ал сотталғандар апелляцияға шағым түсірмек. Демек, бұл іске әзірге нүкте қойылмайды...

Шымкент қаласы

Шортанды суға жарымай отыр

Елорданың іргесіндегі Ақмола облысының бірқатар ауылдары ауызсудың зардабын жылдар бойы тартып келеді. Кенезесі кеуіп, таза суды қаладан тасып ішетін жұрт мәселенің ондаған жылдан бері шешілмей келе жатқанын айтады. Шалғайда жатқан ауылдарды айтағанда, білдей аудан орталықтарында жағдай алаңдатарлық. Солардың бірі — Шортанды кенті.

Елорданың 60 шақырым ғана қашықта болса да, ауызсу жайы ондаған жыл бойы шешімін таппаған. Осыдан 3-4 жыл бұрын жанадан су құбыры тартылғанда шортандылықтар бөріктерін аспанға ата қуанысқан. Тіпті, тұрғындар арасында су құбырын ауласының алдына жеткізгені үшін мердігерге 40 мың теңгеден ақша да төлеген. Бірақ қуаныштары ұзаққа созылмаған. Шамамен 6 мыңға жуық тұрғыны бар кентте тіршілік нөрі сол күйі жөнді тamar емес...

Тұрғындар, әсіресе жаздың аптап ыстығында сусыз қалғандарына наразы. Күнделікті үй тұрмысына пайдалануға да судың жетіспейтінін айтқан тұрғындар базанысын жергілікті биліктің құлағына жеткізе алар емес.

«Онсыз да сыздықтап ағатын су арада аз уақыт өтпестен тоқтап қалады. Адам сияқты кір-қонымызды, киімдерімізді жуудың өзі әзірге арман болып тұр. Таңғы жеті шамасында 1-2 сағат су беріп, одан кейін сөндіріп тастайды. Ал күндізгі 2-ден кешкі жетіге дейін су мүлде тамбайды. Кешкі жетіден түнгі он екілерге дейін болса болды, ал түнгі уақытта тағы ағытылады. Осылай сусыз қиналғанымызға ондаған жыл болды. Әрине, біз шеткі жақта тұрғандықтан бізге су жетеді. Ал кенттің ішкі жақтарындағы үйлерде, әсіресе 2-3 қабатта тұратындарға мүлде су жетпейді. Мал суару, бау-бақшаға суару сияқты жұмыстарға су таппай қиналамыз. Ал жергілікті билік қыс болса құбыр жарылғанын, жаз болса бау-бақша суаратындықтан судың жетіспейтінін айтып ақталды», — дейді Светлана есімді Шортанды кентінің тұрғыны.

Судың зардабын тартқан халық су берілген уақыттың өзінде сыздықтап ағатынын айтады. Сусыз қалған жұрт қраннан тамшылап аққан сумен құман толтыру үшін күні бойы сарыла күтуге мәжбүр.

«Су сыздықтап ақса, қуанытын жағдайға жеттік. Суды не ыдысқа құйып алатынымыз, не кір жуа-

рынды не жуыңарынды білмейсің. Тәуліктің 13 сағаты сусыз отырамыз. Ал кестеге сәйкес 11 сағат су берілуі тиіс. Бірақ осы 11 сағатта су бізге жетіп үлгергенше ағытылып та қалады. Мәселен, бүгін күндізгі сағат екіге дейін су берді. Су берді деген аты болмаса, қраннан су тек тамшылап тұрды. Күндіз екі сағат берсе де, тым болмаса судың қысымын көбейтсе жөн болар еді. Міне, үш күннен бері тіпті жуына да алмай жүрмін», — дейді Гүлмира Күпішева есімді Шортанды тұрғыны.



Ал жергілікті билік судың тапшылығын ауа райының жылдағыдан ыстық болуымен әрі тұрғындардың суды бау-бақшаға көбірек пайдаланып жатқанымен түсіндірмек болды.

«Жазғы маусым басталысымен Шортанды кентінде тұрмыстық қажеттіліктерге де, жекеменшік үйлердің маңындағы бау-бақшаны суару үшін де тұтыну күрт өсті. Салдарынан судың қысымы азайып, көптеген тұрғын су тапшылығына тап болды. «Шортанды Су» коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлері елде арада бұл мәселені шешу үшін барлық мүмкіндікті қарастырып жатыр. Су көлемін арттыру үшін қосымша

тарғы бір су ұңғымасы іске қосылған. Қазір Шортанды кентінің суасты ұңғымаларында сапалы ауызсу қорының дебеті аса өткір тұр. Мәселені түбегейлі шешу үшін Шортанды кентінде су құбыры желілерін қайта құру жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттама жасалып жатыр. Су тарту Егемен ауылы арқылы жүзеге асырылмақ. Жобаны жүзеге асыру кентті сапалы ауызсумен қамтуға мүмкіндік береді», — дейді Шортанды аудандық тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық бөлімінің Ауданның тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық бөлімі ауыл тұрғындарынан су құбырын тартқаны үшін ақша жиналғанын жоққа шығарды.

«Осыған дейін 2017 жылы республикалық бюджет қаржысына Шортанды кентінде су тарту желілері мен құбырларын қайта жа-

нарту жүргізілген. Ал тұрғындардан ақша жиналған жоқ. Су құбыры тұтынушылардың шекарасына дейін жеткізіліп берген», — деп толықтырды аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің.

Сонымен әзірге ауылдар түгелі Шортанды ауданының орталығындағы ауызсу мәселесінің шешілуі түрі көрінбейді. Тұрғындар мәселені ондаған жылдан бері шешімін таппағанын айтып зар иеліді. Ал билік салынған құбырлардан қашан тәулік бойы су тынымсыз ағатынын айта алмай отыр...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ХАБАРЛАМА

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.Сареновтың 27 сәуір 2021 жылғы №4360-21-00-2/379 санды шешіміне сәйкес, «Достық жер МК» ЖШС-ның қызметін жүйеге қою мақсатында, Серіктестік мүддесі жағдайларына байланысты «Достық жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы жиналысын ұйымдастыру қажеттілігі туындауда. Осыған орай, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының талаптары бойынша «Достық жер МК» ЖШС-ның жалпы жиналысына шақырамыз.

Жиналыстың өтетін уақыты, орны мен күні: Жалпы жиналысы 30 тамыз 2021 жылы сағ. 10:00-де Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Кармақшы ауданы, ІІІ Интернационал ауылы, ІІІ Интернационал ауылдық Мәдениеті үйінде (мекенжайы: Кармақшы ауданы, ІІІ Интернационал ауылы, Астана көшесі, №4В) орталық алаң аумағында табиғи жағдайда өтеді.

Күн тәртібіне:

1. «Достық жер МК» ЖШС-нің құрылтайшысы Махашов Бахдаулет Еркінбековичті «Достық жер

МК» ЖШС-ы құрылтайшыларының қатарынан шығару;

2. «Достық жер МК» ЖШС-ы құрылтайшыларының (қатысушыларының) құрамын нақтылау;

3. «Достық жер МК» ЖШС-ның жарғылық капиталын нақтылау;

4. «Достық жер МК» ЖШС-ның директорын (атқарушы органын) сайлау;

5. «Достық жер МК» ЖШС-ның қызметіне қатысты міндеттерді айқындап, жанадан сайланатын директорға жүктеу;

6. «Достық жер МК» ЖШС-ның Жарғысына өзгеріс енгізу

Жалпы жиналыстың түрі: Кезектен тыс

Жалпы жиналыстың өткізу тәртібі: Регламент бойынша

ҚР Азаматтық кодексі, «ҚР Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының нормалары басшылыққа алынды.

«Достық жер МК» ЖШС-ның құрылтайшылары (қатысушылары)

«Ломбард «Сенімді іргетас» ЖШС тауар белгісі (Бірінші ломбард) 2021 жылы шілде айының 30 күні, сағат 12.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Ақсай-2 ықшамауданы, 10-үй. Тел: 8(727) 268-40-37.

ТОО «Ломбард «Сенімді іргетас» товарный знак (Бірінші ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 30 июля 2021 г., в 12.00 часов по адресу: г. Алматы, мкр. Ақсай-2, д. 10. Телефон: 8(727) 268-40-37.



Мал азығын дайындаудың маңызы артып тұр

Биыл Алматы облысында шөп шабу науқанына баса назар аударылып отыр. Еліміздің батыс өңірлерінде жаздығын жемшөптен таршылық көрген шаруалардың күрделі жағдайы мал азығын өзірлеудің маңызын барынша айқындады. Сондықтан да жетісулықтар қолда бар мүмкіндікті толық пайдаланып, қысқы мал азығын артығымен дайындап алуға күш салуда.

Аудандарда бұл іске 1 670 адамы бар 295 шөп шабатын бригада жұмылдырылған. Науқанға 1 576 шөп шабатын машина және 1 401 пішен нығыздап жинайтын техника тартылған.

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірдегі бұрынғы шалғын-орақ түспейтін мемлекеттік орман қорының аумағында да шөп дайындау жүргізілуде. Шаруашылықтар мен тұрғындар шабындыққа 15,2 мың гектар жерді, жайылым үшін 899,9 мың гектар жерді пайдалануда. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтан 164 гектар шабындық, 59 мың гектар жайылым ретінде бөлінген.

Ресми дерекке сүйенсек, қазір 1 810 мың тонна шөп дайындалды, бұл жылдық жоспардың 64,2%. Сонымен бірге 285,4 мың тонна – пішендеме, 124,9 мың

тонна – сабан, 55,7 мың тонна мал жемі дайындалыпты.

Табиғи шабындықтың орташа өнімділігі әр гектардан 15-25 центнерден айналады, ал жонышқа мен көпжылдық шөптер гектарынан 35-40 центнерден өнім беріп отыр.

Ауыспалы жер қорына түгендеу жасалып, Ақсу, Алакөл, Ескелді, Жамбыл, Ұйғыр аудандарында өткен жылдан қалған 30,2 мың тонна мал азығы бар екені анықталды. Облыста жиын-терім мен шөп дайындау жұмыстарына 13,8 мың тонна дизель отыны бөлінген, сол отынның 1,8 мың тоннасы шөп шабуға қарастырылған. Сондай-ақ шөп дайындау науқаны үшін қажетті жанар-жағармайды толық қамтамасыз ету үшін тиісті ведомствоға қосымша тапсырыс берілген.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

«Шахтер» келесі кезеңге жолдама алды

Конференция лигасының екінші іріктеу кезеңі аясында қарағандылық «Шахтер» мен бухаресттік «Стяуа» кездесті.



Қос команда арасындағы алғашқы ойын бір апта бұрын Бухарестте өтіп, алаң иелері 1:0 есебімен жеңіске жеткен болатын.

Қарымта кездесу корона-вирусқа байланысты Қарағандыда емес, Армения астанасы Ереванда өтті. Матчтың негізгі уақыты 2:1 есебімен қазақстандық команданың пайдасына шешілді. Осылайша, қос ойынның қорытындысында есеп 2:2

болып, кездесу қосымша уақытқа жалғасты.

Овертаймда гол соғылмағандықтан, жеңімпаз пенальти сериясында анықталды. Бұл сында қарағандылық команданың асығы алшысынан түсті.

Конференция лигасының үшінші іріктеу кезеңінде «кеншілер» украиналық «Колос» командасымен кездеседі.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Қазақстан жүлдегерлер кестесінде 55-орынға сырғыды

XXXII жазғы Олимпиада ойындарының 29 шілдедегі медаль кестесінде Қазақстан тағы 3 саты төмендеді. Қазақстан қоржынындағы медаль саны әлі де өзгеріссіз.

Дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зүлфия Чиншанло жеңіп алған қола 3 медальдің көмегімен кестенің 55-сатысында тұрмыз. Екі күні бойы Қазақстанмен бір орынды бөлісіп тұрған Украина бүгін тағы бір қола медаль алып, бір саты өрледі. Жалпы, медаль алған мемлекеттер саны 66-ға жетті.

Командалық есепте медаль саны бойынша 15 алтын, 7 күміс, 9 қола медальмен Қытай алға шықты. Екінші орынға ығысқан

Жапонияның алтын медальдарының саны да 15. Алайда күміс және қола медаль саны Қытайдан аз (4 күміс, 6 қола). Үздік үштікті түйіндеп тұрған АҚШ-тың еншісінде өзирге 14 алтын, 14 күміс, 10 қола медаль бар.

Айта кетейік, биыл дүбірлі долада 33 спорт түрінен 339 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Айтулы аламанға жер тіндегі 206 мемлекеттен 11 мыңнан астам спортшы қатысуда. Бұған дейін Қазақстан құрамасы алты жазғы Олимпиада ойындарына қатысқан болатын. Жалпы, медаль жиынтығы: 21 алтын, 28 күміс, 64 қола медаль.

А.ЖАСАН

ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ: жеңістен кейін жеңіліс

Токио Олимпиадасының басталғанына бір аптаға жуық уақыт өтті. 29 шілдедегі нәтиже бойынша, Қазақстан құрамасының қоржынында үш қола медаль бар. Дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Зүлфия Чиншанло мен Игорь Сонның қола жүлдесі көңілге демеу, жанға жұбаныш болып тұр.

Абылайхан ЖҰМАШ

Елдостың жүлдесінен соң дзюдошыларымыз жігерленіп, жүлдеге таласа ма деп ойлағанбыз. Өкінішке қарай, өзге балуандар алғашқы кезеңнен ары аса алмады. Рио-де-Жанейрода өткен Олимпиадада алтын алған қазақстандық жүзгіш Дмитрий Баландин де Токиода үздіктер қатарынан көріне алмады. Елена Рыбакинадан басқа теннисшілеріміздің шама-шарқы да алғашқы айналымнан ары асуға жетпеді. Алайда жартылай финалда швейцариялық Белинда Бенчичке есе жіберді. Судобинан, таэквондодан, үстел теннисінен, стэнд атудан, жузуден, слаломды ескек есуден, семсерлесуден және өзге де спорт түрлерінен жарыс жолынан шығып қалғандар көп. Боксшыларымыз да алғашқы айқастарынан-ақ сәтсіздікке ұшырады. Қазірдің өзінде 5 бірдей боксшымыз жарыс жолынан шықты. Осы күнге дейін өткен жазғы Олимпиада ойындарында боксшыларымыз алтын жүлдесіз қайтқан емес. Бірақ биыл боксшылар арасындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейде екенін байқауға болады. Сайыпқырандарымыз соған қарамастан, сенімнің үдесінен шығуды мақсат тұтып отыр. Олимпиадада әйгілі боксшымыз Головкинге бұйырмаған алтын жүлде Аманқұлға бұйырар ма екен? Бұл салмақта спорт сарапшылары украиналық былғары қолғап шебері Александр Хижнякты фаворит санап отыр. Оның жеңісіне olimpbet.kz букмекерлік кеңсесі де 1,65 коэффициент ұсынған. Бірақ букмекерлік кеңсе қызметкерлері алтыннан үмітті деген спортшылардың төрттігіне Әбілхан Аманқұлды да қосқан. Қамшыбек те өзбек боксшысымен бірге үздіктер қатарында. Әзір мен Сәкен де жарыс жолынан шығып қалған командаластарының қателігін қайталамауға тырысып бағады. Өйткені байрақты бәсекеде елдің назары осы төрт боксшымызға ауғалы тұр.

Алдағы күндері еркін күрес және өйелдер күресі, әртістік жүзу, көркем гимнастика мен жүзу, бөксайыс пен жеңіл атлетика спортынан спортшыларымыз жарыс жолына шығады. Жеңіл атлетика бойынша бәсекелер 30 шілдеде басталады. Өйелдер 100 метр қашықтық пен үш қарғып секіру бойынша бақ сынаиды. Жарыс жолына Ольга Рыпакова да шығады. Ол қазір Токиода жаттығып жатыр. Сондай-ақ Ольга Сафронова, Мария Овчинникова, Ирина Эктова да бақ сынаиды. Ерлер арасында 400 метр қашықтық бойынша Михаил Литвин 1 тамызда жарысқа қосылады. 1 тамыздан бастап Эльмира Сыздықова бастаған бұрымды балуандар мен грек-рим күресінің шебері Мейрамбек Айнағұлов бәседелсі. Ал 2 тамызда синхронды жузуден Александра мен Екатерина Немичтер, 5 тамызда казиргі бөксайыс бойынша Елена Попапенко мен Павел Ильяшенко, 6 тамызда көр-



кем гимнастикадан Алина Әділханова өнер көрсетеді.

Күллі әлем жұртшылығы көз тігетін, төрт жыл сайын спортшылар арасында өзара мықтыны анықтайтын Олимпиада ойындарынан бұған дейін алтынсыз қайтқан емеспіз. Отандық спорт мамандары мен спорт сарапшылары сол үрдіс жалғаспай қала ма деп аландаулы. Яғни, олардың жарыс басталғалы қоржынға бірде-бір күміс пен алтын жүлде түспегенін айтып, қоланы қанағат тұтпасак жарар еді деп күмәнданып отырғанын да айта кетейік. Қалай болғанда да Жапония төрінде өтіп жатқан Токио Олимпиадасы спорттағы хал-ахуалымызды анық көрсетіп бермек.

Спорт шолушысы Айдоос Рымқұл спортты дамытуға бөлетін қаржыны Ұлттық олимпиадалық комитеттен алып, қайта мемлекеттік ұйымға беру керек деп есептейді. Отандық спорт жанкүйерлерінің басым бөлігі бокс, күрестегі облыс федерацияларын құрту керек екенін, әр облыс өз спортшысын өзі күту үшін неше түрлі айлаға баратынын айтып жар салуда. Енді бірі үлкен тенниске Ресейден легионер тартуды мүлдем тоқтату қажет деген ойдың жетегінде жүр. Олардың ұлттық құрама сапында үлкен жарыстарға баруын құптамайды. Өйткені легионер теннисшілердің көпшілігінің деңгейі төмен екенін Токио дәлелдеп берді.

Көрші елдердің алдыңғы Олимпиадалардағы жеңілістерінен сабақ шығарып, нәтижеге жұмыс істейтіні анық байқалуда. Бастысы, алға жылжу бар. Кішкентай Косованың өзі аз уақыттың ішінде қалай дамығанына әлем жұртшылығы куә. Футболы өз алдына бөлек әңгіме. Бұл мемлекет Токиода казирдің өзінде екі алтын жүлде еншілеп үлгерді.

Олимпиада басталған тұста «Қазақстан көп қола алатын Олимпиада басталды» деп айтқан блогер Аршат Ораз болжамының өзирге дәл келіп жатқанын айтады. «Ел спортына реформа керек» деген ол бұл бағытта өзгеріс жасалуы тиіс бірнеше жұмысты тізіп шықты. Бұл ретте Аршат

Ораз біздің елге Түркияның моделін алу керек екенін айтады.

— Олар осы Олимпиадада біраз медаль алады. Өйткені бірнеше спорт түрін кәсіпқой клубқа беріп тастаған. Үкіметтен ақша алмайды, өзара клубтар арасы жарысады. Яғни, спортшылар біздегідей түрлі әкімшілік атынан емес, «Фенербахче», «Галатасарай», «Бешикташ» сияқты клуб атынан келеді. Ал өзбектер бөленбай жылғы спорт стратегияларының нәтижесін енді алады. Футбол, бокс, жекпе-жек түрлері бойынша нақты бағдарламалары болды, енді жемісін жинайды. Бізде спортқа бөлінген ақша дұрыс реттелмейді, көбі түк нәтиже әкелмейтін футболға кетеді. Қалған спорт түрлері дұрыс дамымайды. Содан кейін сырттан легионер әкеледі. Сондай легионерлердің екеуі, мысалы теннистегі Путинцева мен Шведова. Екеуі де матч аяқталмай жатып ракеткасын тастай салды. Жемқорлық пен дұрыс жолға қойылмаған стратегия ел спортын жарға жығуда. Күні кеше Қазақстанның түлегі Игорь Сон қола алды. Осындай жергілікті спортшыларымызға жағдай жасауымыз керек. Жемқорлыққа белшесінен батқан футболды тастау керек. Бұқаралық спортты дамыту қажет, — дейді ол.

Қорыта айтқанда, отандық спорттағы дұрыс жолға қойылмаған стратегия Олимпиада секілді үлкен долаларда ел спортында күрмеуі шешілмеген бірқатар түйткілді мәселе барын анықтап берді. Қалай дегенмен, статистиканың аты статистика. Оған ешкім қарсы шыға алмайды.

Олимпиада алдындағы баспасөз мәслихатында Мәдениет және спорт министрі Ақбота Райымқұлова, ҰОК бас хатшысы Андрей Крюков болжам жасаудан, жоспарды айтудан қашқақтады.

«Спортшылардың психологиясына әсер етпес үшін мұндай болжам айтудан тартынамыз. Бірақ үлкен үміт бар» деп қысқа қайырған еді министр. Спортшыларға артылған сол үлкен үміт пен сенім ақталмаса, бұған кім жауап береді?

Сәпиевтің үміті үзілген жоқ

Спортжәнеденешынықтыру істері комитетінің төрағасы Серік Сәпиев Токио Олимпиадасында Қазақстан боксшыларының әлі де жүлдегер болатынына сенімді. Комитет төрағасының боксшылардан үміті үзілмейті, тіпті бірқатар болжамын да айтты.

«Бокстан жүлде алуға әлі де үмітіміз бар. Үш-төрт медаль алуға болады. Енді Сәкен Бибосыновтың қарсыласы — Франция боксшысы, ол өте мықты, одан өтсе келесі қарсыластарының деңгейі франциялықтай болмайды. Сосын Әбілхан Аманқұлдың, Қамшыбек Қоңқабаевтың және Зәкір Сафиуллиннің қарсыластары айтарлықтай көшбасшылар емес, оларды жеңуге болады. Сол үшін қалған төрт боксшымыз төрт медаль әкелуді де мүмкін», — деді боксшы Орталық коммуникациялар қызметінде брифингте.

Сонымен қатар ол Олимпиаданың жақсы өтіп жатқанын атап өтіп, қазақстандық спортшыларға барлық жағдай жасалғанын айтты.

«Олимпиада жақсы болып жатыр. Айта кететінім, мемлекет тарапынан, Мәдениет және спорт



министрлігі, Ұлттық олимпиада комитеті және спорт түрлері бойынша федерация тарапынан спортшыларға Олимпиада ойындарына сапалы дайындалып, табысты өнер көрсетуіне бағытталған барлық қажетті жағдай жасалды. Оның ішінде материалдық қаржыландыру, оқу-жаттығу жиындары, көптеген халықаралық жарыстар, медициналық тұрғыдан шаралар жасалды. Өздеріңіз білесіздер, спортта үмітін ақталды бермейтінін есте сақтаған жөн. Алайда қазақстандық спорт-

шылардың әрқайсысы лайықты нәтиже көрсетуі үшін бар күш-жігерін салады деп сенеміз», — деді Серік Сәпиев. Дегенмен комитет спорт саласындағы кеңейтілген отырыс өтетінін атап өтті.

«Оған Мәдениет және спорт министрі, Ұлттық олимпиада комитеті мен федерациялардың өкілдері қатысады. Онда жіберген қателіктерімізге талдау жүргізіліп, қорытынды жасалады. Тиісінше шешім қабылданады. Осы Олимпиада

біткен соң да кеңейтілген отырыс ұйымдастырылады, онда бас бапкерлер мен жетекшілерге қатысты маңызды шешім қабылданады. Өзірге осындай қадамдар ғана бар. Құрылымдық өзгерістер туралы Олимпиада ойындары біткен соң ғана айта аламыз», — деді шенеунік.

Ал қазақстандықтардың 29 шілдедегі нәтижесіне келсек, +91 келі салмақта мысырлық боксшы Юсри Резк Мұстафа Хафезді айқын басымдықпен ұтқан Қамшыбек Қоңқабаев Олимпиада ойындарының ширек финалына шықты.

75 келіге дейінгі салмақта жұдырықтасқан Әбілхан Аманқұл өзбекстандық Фанат Қахромоновпен кездесіп, Олимпиаданы жеңіспен бастады. Ал 63 келідегі Зәкір Сафиуллин перулік Леодан Песо Сабойяны 5:0 есебімен жеңді.

Сонымен бірге 52 келідегі Сәкен Бибосынов алғашқы жекпе-жегінде Пуэрто-Рико елінен келген Ян-Кель Ривера Фигероаны тізе бүктірді. Ол енді 1/8 финалда франциялық Билал Беннаммен қолғап түйістіреді.

Ал теннисші Елена Рыбакина Олимпиада финалына шыға алмады.

Айбике ЖАНАСЫЛ



Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗЫБЕКОВ —
Қызылорда облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3968
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 кіші 114